

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№1 (33) 2016





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Үш айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

1 (33) 2016

(қаңтар-наурыз)

1

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі - академик.

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін – өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессоры;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - Абай ат. ҚазҰПУ–дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология пәндерін оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационного гуманитарного университета

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - д.п.н. профессор, зав кафедрой «Методика преподавания филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - doctor of pedagogical sciences, professor chair of Primary education and fine art Taraz innovation and – humanitarian university

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - doctor of philological sciences, professor. Chair of methods of teaching philological disciplines. Head of the clair of KazNPU named after Abay.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016



«Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық, бәсекеге сай болуы үшін, ең бірінші білім мен ғылым өркендеуі қажет»

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
Қазақстан Республикасы Президенті стипендиаттарының иегерлері-
магистранттармен кездесуінде сөйлеген сөздерінен.30.09.2011ж.**

ҚҰТТЫҚТАУ!

Құрметті «Ұлттық тәрбие» журналының оқырмандары Сіздерді Ұлыс–тың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың, ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңіетін шаттық пен қуанышқа келтер ұлы мереке.

Наурыз табиғат пен қоғамның, адам мен адамның, ел мен елдің арақатынасындағы тепе-теңдік заңын сақтайтын бастау бұлақтар мен таланттардың қайнар көздерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын сән-салтанатты мәнді де сәнді және мағыналы мереке.

Бұл күн тіршіліктің, дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Күннің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа бақ береке, дендеріне саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін!

**Құрметпен,
«Ұлттық тәрбие» журналының
редакция алқасы!**

ӘОЖ 3.37.37.01.

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры

т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Сейсенбаева Ж.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директордың орынбасары

Филология ғылымдарының кандидаты

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері

МӘНГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ НЕГІЗІНДЕ

Ғылыми мақалада мәңгілік ел тұғырының қазақ тілі мен ұлттық тәрбиенің дамуы негізінде екендігі ғылыми тұрғыда сарапталады. Үш тілдік саясаттың қазақ тілі дамуына тигізер пайдасына нақты мысалдар келтірілген. Ұлттық тәрбиелік білімнің дамуындағы бүгінгі білім бағдары мен келешегі, ұлттық құндылықтар негізінде екендігі нақтыланған.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, қазақ тілі, үш тұғырлы тіл саясаты, ұлттық құндылықтар, мәңгілік ел, білім, ұлттық идея

В научной статье рассмотрены внедрения ценностей «Мәңгілік Ел» путем изучения казахского языка и литературы. Представлены примеры по развитию интереса к казахскому языку на фоне «Трехязычный» политики страны. Пополняя ценности путем казахского языка и литературы развивать патриотизм у школьников.

Ключевые слова: национальное образование, казахский язык, Троичными языковая политика, национальные ценности, мангилик ел, образование, национальная идея

Scientific articles eternal stance of the country on the basis of the development of the Kazakh language and national education that is scientifically analyzed. Specific examples of the tri-lingual policy in favor of the efficiency of the development of the Kazakh language. National educational and prospects of the development of education in today's knowledge-oriented, on the basis of national values that have been updated.

Keywords: national education, Kazakh language, the language policy trinity, national values, eternal, education, national idea

Ұлттық тәрбиенің бағдары ұлттық тілдің маңызын терең ұғынып, қастерлегенде ғана дамиды. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, ұлылығын ұлықтаған елдің ертеңіне деген нық сеніммен жетуіне бағытталған. Ол идеяның дамуына әрине, жан-жақты бағыт – бағдарлардың әсері зор. Соның ішінде ең алдымен ұлтымыздың тәрбиелік бағдары негізге алынуы түсінікті. Тәрбиені білімнен

бөліп алуып қарау мүмкін емес. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын қазақтың ұлттық мемлекеті. Сондықтан, ғылыми білім беруде, «мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосу арқылы өтке-

німізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы мұраттарымызға жетеміз.

Ұлттық тәрбиенің даму бағдарында ең алдымен, ұлттық тілдің ролі тұрады. Тілдің маңызы артып, қазақ халқы қоғамда өз тілінде сөйлегенде ғана мәңгілік ел халықтық идеясы жүзеге асады. «Мәңгілік» сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің бірге дамитын мәңгілік тілі болуы шарт. Біздің мәңгілік еліміздің тілі – мемлекеттік тіліміз қазақ тілі. Мәңгілік ел дамуының басты кепілі ұлттық идея ретінде ұлт тілінің даму бағдарын негізге қойған жағдайда ғана Елбасы қойып отырған саясат өз деңгейінде іске асары анық.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», - деп нақтылаған болатын. **Ендеше, бүгінгі мемлекеттік саясатымыз «Үш тұғырлы тіл» идеясын қолдауымыз қажет. Бұл дегеніміз әлем кеңістігінде техника мен ғылым тілін еркін меңгеретін, өз ұлтына қызмет жасайтын білімді азаматтар тәрбиелеудің басты қағидасы екендігі. Бірақ, келешекте үш тұғырлы тіл саясаты арқылы қазақ тілінің даму жағдайына кері әсерін тигізбеуін жіті қадағалап, ұлттық тіліміздің тәрбиелік құндылығын арттыра отырып, тілге деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат тұтуымыз керек.**

Ұлтжанды ұрпақ дайындау отбасы тәрбиесімен қатар білім беру орындарының да басты жұмысы. «Бір жылын ойлаған ел астық өсіреді, он жылын ойлаған ел ағаш егеді, мәңгілігін ойлаған ел ұрпақ өсіріп, дұрыс тәрбие береді», – депті, дана халқымыз. Ендеше, білім бере отырып, мәңгілік ел құндылықтарын білім алушының бойына сіңіре отырып, тәрбиелеуді мақсат тұтатын білім бағдарламалары бүгінгі үш тұғырлы білім саясатында негізге алар жайт. Елбасының үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадамының» 89-қадамында «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» деп, нақтылаған болатын. Ендеше, Елбасы қойып отырған нақты мақсатқа сай мәңгілік ел болудың құндылықтарымен толықтырылған білім беру бағдары ел ертеңіне деген сенімді нығайта түседі. Үш тілді мектеп моделінің негізінде қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерін – қазақ тілінде, орыс тілі мен орыс әдебиетін, дүниежүзі тарихын – орыс тілінде, ал жаратылыстану пәндерінің барлығын ағылшын тілінде оқыту көзделіп отырған бүгінгі күнде, қазақ елі мен қазақ елінің әрбір азаматының өз еліне, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін оятуды көздеуі шарт.

Бұл да бүгінгі ғылым мен технология дамыған заманда өзіндік қажеттілігімен керек болып тұрған дүние. Ендеше, оның да дұрыстығын қабылдап, пайдамызға жарата білейік. Жаратылыстану ғылымдарын ағылшын тілінде оқыта отырып, қазақ тілінің даму сипатына ерекше көңіл бөлу қажеттілігі айқындалуда. Ол дегеніміз, қазақ тілінде, яғни мемлекеттік тілде оқытылатын пәндерге деген білім алушының қызығушылығын оятар саясатқа ерекше көңіл бөлудің қажеттілігі. Тілді оқыту үшін ұлттық тәрбиемізбен тығыз байланыста даму сипатына ерекше көңіл бөлуіміз шарт. Ұлттық руханиятымыздың өзегі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі екендігін ұмытпауымыз тиіс. Және мемле-

кеттік тіл – азаматтық сәйкестіктің басты нышандарының бірі.

Сонымен, ұлттық тәрбие мен ұлттың тілі мәңгілік ел идеясының негізгі даму бағдары. Ұлттық тәрбиелік білім беру – болашағымыздың рухани дамуын қамтамасыз ететін ұлттың тілі мен әдебиетімен негізделеді. *(Ұлттың тілі қадірленбеген жерде тәрбие туралы сөз қозғаудың өзі артықшылық!!!)*

Тіл мен әдебиет ұлттық келбет қалыптастырудың негізгі тетігі ретінде қарастырып, ұлттық тәрбиемен байланыстырудағы жолдарын саралап алуға көңіл бөлуіміз керек. Ұлттық тәрбие – тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін ғылым. Сонда ұлттық тәрбиеде білім алған жеке тұлғаның ана тілін, тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы ұлттық санасезімінің, намысының, мінез-құлқының, дүниетанымының дамып, қалыптасуын айтамыз. Тіл қазақ болуымыз үшін, дін адам болуымыз үшін, ал, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін, осылардың негізінде ұлттық діліміз қалыптасары хақ.

Ұлттық тәрбие – ұлт идеологиясының негізі ретінде білім бағдарламаларына мәңгілік ел құндылықтарының негізгі бағдары терінде енгізілсе, ұлттық құндылықтарды негізге алуы шарт. Ұлттық құндылықтарды оқытуда нендей бағыттарды негізге алу шарт? Қазақ халқының рухани-эстетикалық мәдениетінің ең бір құндылығы оның ана тіліне, сөз өнеріне қатты мән беруі болып табылады. Ұлттық тіл мәселесінде **ұлттық тіл мен ұлттық әдебиет** дүниелерінің жастар тәрбиесіне қажет мәселелерін қамту қажет.

Соларқылы ата-бабаларымыздың шешендер мен билерінің, ақын-жырауларының өсиеттері мен нақыл сөздерін, терме-толғауларын жас ұрпақ зердесіне құя отырып, олардан өнеге алуға шақырған, оларды сондай азамат болып отыруға үндеген. Кейінгі

ұрпақтарға тәрбиелік мәні терең, тапқыр ой-толғауымен артына мол мұра қалдырған халқымыздың данышпан ғұламалардың еңбегін сатылай білім кезеңіне қарай оқу бағдарламаларына нақты мысалдармен енгізу қажет. Осы шығармаларды дәріптей отырып, асыл қазына – бүгінгі біздер үшін баға жетпес байлық, халқымыздың рухани мәдениетінің тәлім-тәрбиелік құндылықтары, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білім алушы бойына сіңіре аламыз. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі оның ұлттық психологиялық, танымдық, эстетикалық көзқарас, түсініктерінде жатыр.

Еліміз еңсесін көтеріп, егемендігін алып, билік өзіне тигелі соңғы кездері атқарылып жүрген игі бастамалар, істер көп-ақ. Атап айтсақ, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен шығарылған «Тіл туралы Заңның», «Қазақ тілі» қоғамының атқарып отырған істері көңіл қуантады, кейде тілге қатысты кейбір келеңсіздіктермен бетпе-бет келгенде жабырқатады. Жалпы, әрбір қазақ азаматының жүрегінде ана тіліне деген шынайы сүйіспеншілігі, сезімі болуы керек. Сонда ғана ол алға жылжиды, сенім де орнығады. Өз тілінді біліп, егер оны жетік меңгеретін болсаң, оны басқаларға үйрету, тіпті ол балаң, көршін, жұмыста бірге істейтін әріптесің, досың болсын, ол сенің перзенттік парызы болмақ деп түсіндіру керек өскелең ұрпаққа.

Демек, білім берудің ұлттық жүйесі болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс. Себебі, өз ұлтының тарихын, төл мәдениетін, туған тілі мен әдебиетін, ұлттық ділі мен дінінен хабары жоқ ұрпақ ұлтжанды болып, елі мен жеріне қызмет етпейді.

Сондықтан да, берілетін білімде халықтың ұлттық рухы болуы тиіс. Ал ұлттық рух, біріншіден, сол ұлттың ана тілі мен әдебиетінен көрініс табады. Содан кейін барып, отандық тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі мен таным-түсінігінен орын алады. Сондықтан да, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ

тілінің дәрежесін көтеру мақсатында және мәртебесін еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне мойындату үшін қазақ тілінің ұлттық корпусын кеңейтіп, жетілдіруіміз қажет. Ол үшін төмендегідей бірнеше нақты жолдарды ұсынамыз.

1. Республикадағы барлық оқу орындарындағы демалыс алаңдарында белгілі қазақ тұлғалардың қанатты, афоризм сөздері таспаланған, әр түрлі формамен безендірілген скамейкалар орнатылуы тиіс. Бұл - кез келген білім алушылардың қызығушылығын оятып, ары қарай ізденуіне түрткі болып, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Жастардың қазақ әдебиеті классиктерінің туындыларын іздеп жүріп, тауып оқуға деген қажеттілікті қалыптастыруымыз қажет. (Назарбаев зияткерлік мектебіндегі «100 кітап» бағдарламасы үлгісінде) Сөйтіп, осындай қажеттіліктерден қызығушылық пайда болады. Ал қызығушылықтан баланың ойлау көкжиегі кеңейеді. Жастардың көркем шығармаға, қазақ прозасы мен поэзиясына деген махаббатын қалыптастырып, дамытуымыз қажет. Себебі, көркем шығарма – адам тәрбиелейтін басты әрі қуатты құрал. Ол адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, адамның мінез-құлық нышандарын өзгертіп, тәлім береді. Адамның бойынан қуану, аяу, өкіну, жақсы көру сезімдерін оятып, әлемге басқа көзқараспен қарауына септігін тигізеді. Бала бойында жұмсақтық пайда болып, айналасындағы жандарды жақсы көреді, қоршаған ортаға махаббаты артып, мейірімділік пен патриоттық сезім оялатын болады. Көркем шығармалар арқылы танымдық көкжиегі артып, білмекке құштарлық қасиеттер дариды.

Ол үшін, *біріншіден*, қазақ классик жазушылар шығармаларының сатылым жағын дұрыс жолға қою керек. Бүгінде батыста «Best seller» деген ұғым жиі кездеседі. «Best seller» дегеніміз «ең көп сатылған кітап» деген мағынаны білдіреді. Біздің елімізде де кітапханалар, баспа үйлері мен кітап дүкендерінде немесе кез келген авторлар өзінің оқырмандарының аудиториясын кеңейту

үшін белгілі бір дәрежеде батыстық жүйеге жүгінуі керек те сияқты. Әсіресе, маркетингтік, жарнамалық жақтарына сүйенуі қажет. Мысалы, Ресейдің «Эксмо» атты баспасы жастардың көңілін кітапқа баулу мақсатында «Читай книги — будь Личностью!» атты әлеуметтік-ақпараттық жоба әзірлеген. Оның негізінде қоғам, мәдениет қайраткерлері өздерінің сүйікті көркем шығармаларымен жарнамалықбанерлерге түсіп бір-біріне сыйға тартқан болатын.

Екіншіден, кітаптың сырт мұқабасының әдемі безендірілуіне аса көңіл бөлу қажет. Себебі, бүгінде кітаптың мазмұнына емес, сыртқы безендірілуіне мән беретіні рас. Неге десекіз, жоғарыда айтып кеткендей ақпарат көзінің түр-сипаттары көбейген. Олардың арасынан таңдап алу үшін, өз кітабыңызды оқыту үшін сіз өз өніміңізді сапалы немесе жақсы безендірілген түрде ұсынуыңыз керек. Сонда ғана өз оқырманыңыз бен тұтынушыңызды қалыптастыра аласыз. Кітаптың сыртқы келбетіне, мазмұнына қарап оқырманда автор туралы көзқарас қалыптасады. Бірақ сырты көркем безендірілген, іші көңілге қонымды болмаса, ол да белгілі бір дәрежеде сол сәтте оқып, көңілге түйер дүниесі болмайды. Талғамға талас жоқ, алайда, кітаптың жақсы безендірілгені дұрыс.

Үшіншіден, жаңа кітап жазғанда бүгінгі жастардың талғамымен санасып отырылуы қажет. Бүгінде қандай тақырып өзекті, жастар не ойлайды, қандай болғылары келеді, кімді пір тұтады, былайша айтқанда қандай образ оларға жақын, бүгінгі қоғамда, өмірде не қажет деген сұрақ әрбір жазушының көкейінде тұруы тиіс.

Төртіншіден, кітаптың электронды нұсқаларын көптеп шығару және ұсыну керектігі. Дәл қазіргі уақытта электронды оқулықтардың жетіспеушілігі байқалады. Көптеген классиктердің кітаптары электронды жүйеде бірен-саран болғанымен, әлі де болса аз. Қазақтың біртуар ақын-жазушыларының шығармаларын электронды нұсқада интернетке шығарып отырса, оны оқитын адам табылады. Неге бүкіл әлем электронды оқулықтар жүйесіне көшкенде, біз үшін ол қиындық тудырады?

Сонда ғана жастардың ойын ұлттық құндылықтар негізінде байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатамыз. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатыны бесенеден белгілі.

3. Тіл үйрету мәселесін ұлттық сипатпен байланыстыра отырып, бір бағытқа үйлестіру қажеттігі туындауда. Әрине, тәуелсіздікке қол жеткізгелі тіл үйрету мәселесі біраз дұрыс деңгейге қойылғаны рас. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілге деген қызығушылық артып отыр. Бірақ, тіл үйрету мәселесінде ұлттық тәрбиемен байланыстыру жағы толық қарастырылмаған. Біз тіл үйренушіге ұлттық құндылықтарымызды тілмен бірге дәріптеп отырсақ, әрі тілді үйретеміз, әрі ұлттық тәрбиені басқа ұлт өкілдеріне дәріптеп, оларды ұлтқа деген қызығушылығын оятамыз.

4. Қазіргі уақыттарда Қазақ тілі мен әдебиетін оқытылуы әр сыныпқа белгілінген сағат сандарының ішінде әдебиеттің оқытылу уақыты 35 пайызын ғана құрайды. Сондықтан, балаларды бүгінгі күнде балаларда әдеби кітаптарды оқу дәстүрі кешеуілдеп, тест әдісімен жатта деген дәстүр үстемдік алуда. **Әдебиет пәнінің ұстаздарының айтуынша** әр замана бойынша ақын, жазушы, жыршы, шешендердің шығармаларын оқуға уақыт жоқ екен себебі, оқу үшін баланы қызықтыратын негізгі әдебиет сабақтардың аздығында осыдан келіп әр-түрлі ақындармен жазушылардың кітаптарындағы ойды түсіну жағы ашылмай қалады. Мысалы: М. Әуезовтың шығармалары «Қоғамдық-саяси өмірге, өмірдің оң, сол жақтарын үйретуге баулыса», М. Өтемісұлының шығармалары «Патриоттыққа тәрбиелейді», Ы. Алтынсариннің шығармалары «Адамгершілік қасиеттерге», І. Жансүгіровтың «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмаларын тереңдетіп оқыту өнер адамына, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттырады. М. Майлин әңгімелері таптық жүйені айыруға, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», «Қартқожа»

таптық, әйел теңсіздігі жайлы айтылады. Ғ. Мүсіреповтың шығармалары ана туралы баяндалады, ананың балаға, баланың анаға деген құрметін арттыру үшін оқытылуы тиіс.

Ендеше, қазақ ғұлама ойшылдарының еңбектерін әр білім ошағына сай етіп қайта шығару қажеттігі айқын. Егемендігімізге қол жеткізгелі әрине, қазақ ойшылдарының, ғалымдарымыздың еңбегі қайта қаралып, оқырман назарына ұсынылуда. **Дегенмен, біз ойшылдардың жазып кеткен құнды дүниелерін ұлттық тәрбие аясында қарастырғанымыз жөн.** Шыққан кейбір шығармалары немесе бүгінгі таңда бағдарламаларда қарастырып жүрген кейбір жайттары бұрынғы кеңес дәуірінің идеологиясы сипатынан аса алмаған. Ұлттық тәрбиелік сипаттағы кейбір тұстарын білім ұйымдарының бағдарламаларында қайта қарастыру қажеттігі осы тұрғыда айқындалады. Ұлттық негізде жазылған еңбектерді қайта қарастырып, әр білім үрдісіне сай етіп шығару қажет.

5. Ұлттық тәрбиені нақыштайтын еңбектер шығарып, тәлімдік мәні жоғары дүниелерді іріктеу орынды болар еді. Ол еңбектер күнделікті қолданысқа сай келетіндей етіп көпшілік назарына ұсыну қажет. Егеменді еліміздің ұрпағын оқытып қана қоймай, тәрбиелеу жағына аталмыш еңбектердің маңызы жоғары. Жоғарыда айтып кеткен ата-әжелеріміздің ертегі, аңыз-әңгімелерді бүгінгі таңда бала тәрбиесіне пайдаланбауын бір жолға қою жолында ол еңбектер өз үлесін қосары сөзсіз. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың инициативасы бойынша әзірленген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеумен байланысты негізгі аспектілерді анықтайды. Осы еңбектегі құнды дүниелерді оқырман назарына кішкентай кітапшалар етіп шығарып ұсынар болсақ, біз ұлттық тәрбие беру жолында біраз жетістіктерге жетеріміз анық.

6. Республикамыздағы жыл сайынғы ҰБТ-кеқосымшақазақтіліменәдебиетінен ауызша формада (мотивациялық әдіс арқылы. Ситуациялық сұрақтарға жауап) және жазбаша жұмыс (шағын көркем шығарма) түрінде алынуы керек. Бұл жөнінде көрші Ресей елінің тәжірибесіне сүйенсек болады.

7. Жоғары білімнен кейінгі Магистратура және PhD докторантураға түсу емтихандарына мемлекеттік тілден тест тапсыруды енгізу керек. Қазіргі кезде мұндай тест Қазақстандық емес азаматтарға ғана міндеттелген. Осымен ғана шектеп қоймай, қай мамандық болмасын, қандай ұлт өкілі болмасын міндетті түрде мемлекеттік тілден тест тапсыруы тиіс. Ал егерде халықаралық тілдік білімді бағалаудың TOEFL, IELTS, DALF/Delf, DSH, CELI, TÖMER, ТРКИ және т.б. жүйелерінің қағидаттарына негізделген мемлекеттік тілді меңгеруін бағалаудың ҚАЗТЕСТ жүйесінің B2 (ортадан жоғары) немесе C1 (жоғары деңгей) деңгейін бағындырғанын растайтын сертификаты болған жағдайда, қазақ тілінен тестке кірмеуге құқық берілуі тиіс.

8. Тек қана мемлекеттік ұйымдарға жұмысқа қабылданғанда ғана емес, барлық ұйымдарда жұмысқа қабылдар кезде ҚАЗТЕСТ жүйесінде тест тапсырып орналасуы бір ретке келуі керек.

9. Қазақша телерадио мен газет-журнал тіліндегі тіліміздің әдеби нормасына сәйкестендіру. Небір «тың қолданыстарды» екі тілді бірдей меңгергендер немесе екеуінің біреуін орташа деңгейде білетіндер айтып-жазып жүр. Себебі, олар өзі білетін тілдің өзінебір табан жақынында (көбінесе орысша) ойлап, сол ойын екінші тілге аударып, соны ауызша немесе жазбаша түрде жолма-жол жеткіземін деп қателесіп жатады. «Әйтеуір, ойын жеткізді ғой!» деген көзқарас дұрыс емес. Ол – тілдің табиғи қалпының біртіндеп бұзылуына апарады. Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды. Оны тілді тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Сондықтан бүгінде аударма жұмыстарға үштілді де жетік меңгерген мамандар жұмыстар атқаруы тиіс.

Тіл халықпен біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа жететін дүние. Тілді айналып соқпай, басын ауыртпай кеткен қазақ зиялылары кемде кем. Сонау Абай, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Ғабит, Міржақып, Мұхтар ағаларымыз тіл үшін шырылдап, жанын отқа да салуға әзір болғанын ескерсек, оны бағалап, біз де ары қарай дамытуға бар күш-жігерімізді салуға міндеттіміз.

Ұлттық тәрбие – ата-бабаларымыздан қалған ұлт тәрбиесі, сол мағыналы да мәнді тәлім үлгісін бүгінгі ұрпаққа жеткізу білім беру үрдісі бағдарламасының негізі болуы шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 2012ж
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлт Жоспары – «100 нақты қадам»
3. Е. Сағадиев «Елдік істің ұйытқысы – береке-бірлік» Егемен Қазақстан. 16.03.2016 ж.
4. Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ-2011 ж. – 158 бет

ӘОЖ 74.214

Қ. Бөлеев

*«Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы.*

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

С.Қ.Құсайынова

«Биология» кафедрасының профессоры, п.ғ.к., доценті

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

М.А.Мейірханова

«Педагогика және психология» мамандығының магистранты

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ТӘРБИЕЛЕУ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Мақалада қазақ ағартушы-педагогтарының шығармашылықтарындағы салауатты өмір салтын тәрбиелеу туралы ой-пікірлері қарастырылған. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланысты, салауатты өмір салты ұғымы туралы ой қозғап, ағартушылардың ой-пікірлері бүгінгі күнде де өзекті орынға ие болып отырғандығы нақты ғылыми мысалдармен келтірілген.

Түйін сөздер: мінез-құлық, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, салауатты өмір салты, дағды.

В статье раскрыты Формы и методы формирования знаний здорового образа жизни у школьников. Здоровье как совокупность физического, психологического и социального благополучия. Способы формирования знаний у обучающихся о здоровом образе жизни. Факторы, определяющие здоровый образ жизни. Определение уровня здоровья школьника в педагогическом процессе школы.

Ключевые слова: поведение, физическая культура, самопознание, здоровый образ жизни, навыки.

The article deals with forms and methods of formation of knowledge of healthy lifestyle among schoolchildren. Health as a set of physical, psychological and social well-being. Ways of formation of students' knowledge about healthy lifestyles. Factors that determine a healthy lifestyle. Determining the level of health schoolboy in pedagogical process of school.

Keywords: behavior, physical training, self-knowledge, healthy lifestyle skills.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың 20-30 жылдары өмір сүрген қазақ ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтың шығармашылық-тар-ындағы оқушы жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу туралы ой-пікірлерінің қазіргі кезде маңызы мен мәні айрықша. Олардың педагогикалық, психологиялық және әдістемелік еңбектерінде тән саулығын

сақтау, темекі тартуға, наша шегуге, ішкілік ішуге қарсы оқушы жастарды тәрбиелеудің жолдары анық көрсетілген.

Қазақ ағартушы-педагогтары оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуді оларға ұлттық тәрбие берудің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны халқымыздың тәлім-тәрбиелік тағылымдары, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері арқылы тәрбиелеудің жолдарын көрсетті.

1. Қоғам қайраткері, қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, ақын, публицист, әдебиет зерттеуші ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсынов өзінің «Тәні сұлудың жаны сұлу» атты мақаласында тән мен жанның сабақтастығы, олардың бір-бірімен байланысы туралы айта келіп, «Тән сұлулығына керек нәрселер не?

1) Тән өзіне керек нәрселерді мезгілімен тиісті күйінде, керек мөлшерімен алып тұру (ауа, тамақ, сусын сияқты нәрселерді).

2) Ағзамыз әр түрлі қызметін мезгілімен дұрыс басқарып, дұрыс атқарып тұру, мәселен, тамақ қарында пісуі, бойға сіңуі, қан мезгілімен тарап тұруы сияқты қызметтер.

3) Тәнге зиян келтіретін ауру құрты, у, суық сияқты нәрселерден тәнді қорғау [1].

Бұл үшін шартты орнына келтіру үшін әуелі дем алатын ауа, жейтін тамақ, ішетін сусындардың жай-мәнісін білу керек. Екінші, тұратын үй, киетін киім, тұтынатын нәрсе, істейтін жұмыс, тән тәрбиесіне керек толып жатқан нәрселер бар – олардың жай-мәнісін білу керек. Үшінші, тәнге зиян келтіретін нәрселердің тәнге кіретін жолдары бар, ауру құрттарының өсетін, көбейетін орындары бар. Оларды білу керек» - дейді.

Байтұрсынов тән сұлулығына керек нәрселер, істейтін істер, орындайтын шарттар, оларды орнына келтіру қажеттігін, «Бірінші байлық – денсаулық» деп қазақ біліп айтқанын, байлықтың негізі денсаулық екенін, тән саулығының негізгі шарты – тазалықта, ол жоқ жерде ауру көп болатынын айта келіп: «Тән саулығының тамыры – тазалықта, жан саулығының тамыры – тән саулықта» деп қорытынды жасайды.

2. Қазақ халқының ұлы ақыны, қазақ педагогикасы саласында алғашқы ұлттық мазмұнды «Педагогика» атты оқу құралын жазған ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев шылым тартуға және ішкілік ішуге қарсы әрбие берудің қажеттігін ең алғаш негіздеген [2].

Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінің «Жалпы педагогика» бөліміндегі жан тәрбиесі, жан тәрбиесінің түзу болу шарттары, нерв жүйесі, сау болу үшін нерв жүйесінің сау

болу шарты туралы баяндай отырып, адамның нерв жүйесінің саулығын сақтау үшін баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу қажеттігін баса айтқан: «Балаға насыбай атқызуға, шылым тартқызуға болмайды. Біздің қазақтың кейбір атқа мінгендерінің жап-жас баласына шылым тартқызып, «қарағымның аузынан түтінді пәлен төредей шығаруын қарашы!» деп қарқ-қарқ күліп мәз болатындары бар. Мұның надандық, есерлік екендігінде не сөз бар? Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрселерді ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі тұр», яғни балаға шылым шегуге, арақ ішуге үйрететін әкесі, оның дұрыс еместігін ерекше ескерткен екен.

3. Қазақ психология ғылымының қарлығашы, жазушы, ағартушы-педагог Жүсіпбек Аймауытұлы ондаған педагогикалық және психологиялық кітаптар мен жүздеген мақалалардың авторы, сол еңбектерінде салауатты өмір салтын тәрбиелеу туралы салиқалы ой-пікірлер айтқан. Мысалы, өзінің «Әдет заңы» атты мақаласында жас ұрпақты тәрбиелеудің басты бір саласы ретінде әдет заңын қарастырып, оған психологиялық және тәлімдік ғылыми сипат берген [3]. Ол мақаласында әдеттің адам тіршілігіндегі орнын, оның жақсы, жаман боп қалыптасу жолын кең талдай келіп, жаман жолға түсіп кетпеу үшін адам бойында жақсы әдетті қалыптастыру туралы ойларын ортаға салады. Баланың әдетті жасынан тамыздықтап жинайтынын, оқытушының міндеті – балаларына алдыңғы өмірінде пайдалы боларлық әдеттерді сіңіру екенін, адам іске бола тәрбиеленсе, істің табан тірейтін дерегі де әдет болатынын дәлелді әңгімелейді.

«Әдет – бір сақтаулы қазына (капитал). Қазынасының өсімін жеп өмір сүрген адам сияқты әркім-ақ қымбат әдеттерінің пайдасын көріп тіршілік жасауға тиіс. Ол үшін пайдалы әдетті баланың жас кезінен бойына жапсырып, зиянды әдеттен ерте сақтандыру керек.

Жаңа әдетті қалыптастыру бірден болмайды, ол ұзақ қайталауды, бойға сіңіруді қажет етеді. Әдет әбден адам бойына орныққанша,

оны жалықпай қайталай беру қажет. Бұзылған әдетті қайта орнына келтіру, қайта қалыптастыру – әрі ұзақ, әрі қиын процесс. Жаман әдет бір күн жеңсе, жақсы әдеттің талай жеңгеніне төтеп береді.

Жазу әдетті қалыптастырудың психологиялық негіздерін дәлелдейді. Бір нәрсені істеуге талаптанғанмен, оны істеуге белді байлағанмен, мида із қалмайды; қозғалыс сезімі басталып, ол нәрсе іске асқан кезден былай мида із қалады. Мида ізі жоқ нәрсе әдет болмайды».

Жүсіпбек жас кезінде адамның қиялшыл бола_тынын, әр нәрсені істегісі келетінін айта отырып, солардың орындалмауы да әдетке енбеуінен деген қорытынды жасайды. «Сол ынталар кезінде ұдайымен тиісті суын ала алмайды да, өмірде қайтпас болаттай қару (әдет) болудың орнына, күндегі уақ мүдделер жол бермегендіктен өзінен-өзі сөніп қалады».

Жүсіпбек адам тәрбиесіне айрықша мән бергенін, әсіресе жаңа заманда қазақтарды іске, белсенділікке, оқубілімге ұмтылуға үйретуде әдет заңының өзіндік орны барын көрсетуге едәуір көңіл бөлген. Ол «Әдет – адамның екінші табиғаты», «Әдеттің күші табиғатынан онесартық» деген қағидаларды қолдап, қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің прогресті жақтарын дамыту мәселесін орынды көтереді.

Мақалада Жүсіпбек мұғалім әдет заңын жақсы білу керектігі, жаман әдеттен баланы аулақ ұстау керектігін, оларды жақсы әдеттерге тәрбиелеу қажеттігін былай ескерткен: «Оқытушы әдет заңын жақсы білуі керек. Қарапайым адамда әдетті жамандыққа жоритын бір аңыз бар, ол қате әдеттің жақсы да, жаманы да бар. Шылым шегу, насыбай ату, арақ, апиын ішу, бейпіл ауыздық – жаман әдет. Ал шыдамдылық, қанағатшылдық, батылдық, тәуекелшілдік тәрізділер – жақсы әдет. Өмірдің өзі белгілі әдеттерден құралып өмір болады. Әдет іс жүзінде де болмақ. Ақыл, сезім, көңіл жүзінде де болмақ. Әдет заңына бағынбайтын адам жоқ».

Жүсіпбек сол мақаласында адамның жаман қылығы – маскүнемдіктің пайда болуы,

оның өкініші мен зияны туралы былайшы баяндайды: «Қандай жақсы, қандай жаман қылық етсең де, аз да болса артына із тастамай кетпейді. Араққорлар мастықтан айыққан соң «енді іше қоймаспын-ау! Бұл жолғыны қойшы» дейді. «Бұл жолғыны» араққор қойғанмен, оның миы қылға тізіп отырады. «Адамның жақсы, жаман қылығын екі иығындағы екі періште жазып тұрады» дейтін молдалардың сөзі бар. Бұл – бос сандырақ; жазатын періште емес, миы, жүйке саласындағы шілтер (клеткалардың, талдардың) (волокна) түкпіріндегі молекулалар. Әрбір басқан адымыңды олар бұрынғы қылықтарыңның ізіне қоса береді. Сөйтіп, соқыр сорап соқпақ даңғыл қара жол болады. Маскүнем ішуге тағы зауқы соққан кезде, «бұл жолғы» дегені алдынан шыға келіп, қара жолмен бастап, тура арақ дүкеніне алып барады. Қысқасы, қит еткенің ізсіз кетпейді, жамала берсе, әдет болады.

Бұл ереженің жақсы да, жаман да жағы бар. Анда–санда іше–іше біз үмітсіз маскүнемдікке айналамыз, бұл жаман жағы. Анда–санда ізгі жұмыс, таза еңбек, құлық жүзінде ысылған маман етеді. Бұл жақсы жағы».

4. Салауатты өмір салтын бала бойына сіңіруді мақсат еткен қазақтың біртуар ұлы, сегіз қырлы бір сырлы азаматы, халқының қамы, ұрпағының болашағы үшін басын бәйгеге тіккен айтулы күрескер, ағартушы-педагог Халел Досмұхамедұлы шәкірттер мен мұғалімдерге арнап «Денсаулығыңды сақтай біл» атты еңбегін жазған [4]. Оны жазуда автор қазақ мектептерінде денсаулық сақтау жұмыстарының нашар екеніне күйініп, ана тілінде ол жөнінде ешбір құралдың жоқтығын ескере келіп, сол кітапшаны басып шығаруды жөн көрген.

Еңбек мынадай алты тараудан тұрады:

- 1) Құлағың сау болсын десен
- 2) Мұрның сау болсын десен
- 3) Тынысың сау болсын десен
- 4) Көзің сау болсын десен
- 5) Үйде жұмыс істегенде денсаулығыңды ойласан
- 6) Денең сау болсын десен

Оның соңғы тарауында автор баланың денесі сау болсын десең орындалуға қажетті 22 шарттың біреуі: «Арақ, боза секілді, есірткі, ішімдіктерге жолама. Наша шеке, көкнәр жеме. Диюана боласың. Шайды, көфені қып-қызыл ішпе, сұйықтау етіп іш. Бұларды ұйықтардың алдында ішпе», - деп ақыл-кеңес берген.

Сонымен, Халел баланың дені сау болу үшін шылым шекпеу, наша тартпау, ішкілік ішпеу керектігін физиологиялық тұрғыдан ғана түсіндіріп қоймай, оны тәлімдік жағынан да үйреткен екен деп қорытынды жасауымызға әбден болады.

5. Қоғам қайраткері, жалынды жазушы-публицист, ағартушы-педагог Міржақып Дулатов өз шығармаларында көшпелі қазақ елінің рухани өмірін, эстетикалық талғамын және педагогикалық мазмұнды ой-өрісін кең көрсете отырып, гигиена ғылымы саласында бірнеше еңбектер жазып қалдырған. Мысалы, ол өзінің «Қирағат» атты оқу құралының «Денсаулық жайынан» атты бөлімінде «Құлағың аман болады», «Мұрның аман болады», «Көзің аман болады», «Тынысың аман болады», «Үйде жұмыс қылғанда сала-

маттық сақтау үшін», «Дененің саулығын сақтау үшін» не істеу керектігі туралы жан-жақты ақыл-кеңестер береді [5].

Баланың денсаулығын сақтау үшін салауаттылық дәстүрді орындау керектігін автор мынадай ереже арқылы естен шығармауды ескертеді: «Өте көп ішіп, жеме. Бұзылған астан, сіңбейтін тамақтан, әсіресе тәттіден қашық бол. Жас балаға тәтті беріп үйретпе. Асты реттеп ішіп, же. Күніне үш мезгілден артық тамақтанба. Уыттаған тамаққа әуес болма. Жайша даярланған асқа көндік. Пияз, тұз сықылды нәрселерді асқа көп салма. Қызыл бұрыш, хрен сықылды нәрселерді салма, арақ, боза сықылды есірткіш нәрселерге жолама, шикі я шала піскен етті, жемісті жеме. Наша шекпе, көкнәр (апиын) жеме, диюана боласың».

Қорыты айтқанда, жоғарыда баяндалған қазақ ағартушы-педагогтарының шығармаларындағы салауатты өмір салтын сақтау туралы ой-пікірлерінің қазіргі күнде маңызы мен мәні айрықша екендігін ескіріп, оларды мектептің оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен пайдалану қажеттігі туралы ұсыныс жасауымызға тура келді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тәні саудың – жаны сау. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 128 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160б.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1993.
4. Досмұхамедұлы Х. Денсаулығыңды сақтай біл. – Алматы: Балауса, 1993. – 15 б.
5. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 382 б.

Б.М.Қосанов

Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының доценті

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Мақалада Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты шығармасының математикалық білімнің қажеттілігі тұрғысынан алғандағы маңыздылығы анықталған. Сонымен қатар автордың мемлекеттік қызметкерлердің математикалық білімдеріне қойылатын талаптар туралы ой-пікірлеріне талдаулар жасалған.

Түйін сөздер: *Жүсіп Баласағұн, «Құтты білік», математика, математикалық білім.*

В статье определены значения труда «Благодатные знания» Жусипа Баласагуна с точки зрения необходимости математических знаний. А также проанализированы идеи автора о требованиях, предъявляемых к математическим знаниям государственных служащих.

Ключевые слова: *Жусип Баласагун, «Благодатные знания», математика, математические знания.*

In the article «Beneficial Knowledge» the values Zhusip Balasagun in terms of the need for mathematical knowledge. And analyze the author's ideas about the requirements for mathematical knowledge of civil servants.

Keywords: *Zhusip Balasagun, «Beneficial Knowledge», mathematics, mathematical knowledge.*

Орта Азия мен Қазақстанда, әсіресе «Мұсылман Ренессансы» дәуірінде математикалық сауаттылықтың кеңінен өрістеп, математиканың және математиканы оқыту жөніндегі ой - пікірдің дамуының батыс елдеріндегі даму қарқынынан көп ілгері кеткендігі белгілі. Шынында да IX - XV ғасырлардағы әлемдік математика ғылымының жетістіктері осы өңірлерден шыққан ғалымдардың есімдерімен байланысты. Мұнда Ғаббас әл - Жауһари, Әбунәсір әл - Фараби, әлам ад - Дин әл - Жауһари, Ахмет Фараби, Жамал ат - Түркістани сияқты Қазақстан топырағынан шыққан математиктердің де қомақты үлесі бар. Олардың сан - салалы трактаттары тек Орталық Азия немесе мұсылман әлемінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік математика ғылымының маңызды және елеулі бөлшегі болып табылады. Осының өзі - ақ ежелгі және орта ғасырларда Қазақстан өңірін мекендеген халықтарда математикалық

сауаттылықтың өркендегеніне, сондай - ақ математиканы оқыту жөніндегі жүйелі ой - пікір, тәжірибелердің жинақталғанына дәлел бола алады [1].

Орта ғасырларда математика мен математиканы оқыту жөніндегі ой - пікірдің жоғары деңгейге көтерілуі жоғарыда есімдері аталған кәсіби математиктердің әрекеттерімен ғана шектелмейді. Ол сонымен қатар ойшыл ақындардың, сөз зергерлері мен дуалы ауыз даналардың сан - салалы көзқарастарынан да көрініс береді. Орталық Азия мен Қазақстанда мұсылман дінінің таралуына кең жол ашылғанымен, барлық мәселеде үстем болып келген араб тілінің қолданылу аясы XI - XII ғасырларда біртіндеп тарыла бастауымен байланысты түрік жазуымен жазылған **Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Қожахмет Яссауи** сияқты ойшылдардың тәлім - тәрбиелік мәні зор шығармалары кеңінен тарады. Бұлардың ішінде Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) «Құтты білік» атты кітабын ерекше атап айтуға болады [2].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» ең алдымен, қазақ ғылымының тарихының тым тереңде жатқандығын айғақтайтын құжат болуымен маңызды болып табылады. Қазіргі күнге дейін бұл еңбектің әлеуметтік-философиялық, педагогикалық және т.б. тұрғылардан алғандағы маңыздылығы қазақ ғалымдары ғана емес, сонымен қатар шетел ғалымдары тарапынан да терең зерттелді деуге болады. Алайда, бұл еңбектің кейбір қырлары әлі де болса толық зерттеле қойған жоқ. Атап айтқанда, автор осы еңбегінде математика мен математикалық білімнің қажеттілігі туралы мәселелерге де ерекше назар аударып, бұл тұрғыда терең пікірлер айтқан.

Бұл шығарма математикалық білімнің, сондай-ақ математиканы оқытудың қажеттігін насихаттайтын аса құнды ой-пікірлердің көптеп кездесуімен маңызды болып табылады. Тағы бір айта кетерлік жайт, оның мазмұнынан сол кездегі зиялы адамдардың математикалық білім деңгейлерінің өте жоғары болғандығы, қазақ даласындағы мектеп - медреселерде терең математикалық білім берілгені және әдістемелік - математикалық ой - пікірдің деңгейінің жоғары болғандығы аңғарылады.

Кітаптағы арифметика мен геометрия ғылымдарының мән-маңызы жайындағы автордың терең мағыналы төмендегідей пікірлері еріксіз назар аудартады:

Қисаптаумен адам ішкі тірлігін,
Өткізеді ай, апта һәм жыл – күнін.
«Есеп – қисап» деп тіркейміз бір бірін,
Есепсіз ол қасап болар бүлдіріп.
Нәзік есеп бұл хандаса тегінде,
Есептейді Жер мен Көктің шегін де...
Хандасаның терең қисап – есебі,
Тек хәкімдер бас қатырып, шешеді.
Өлшеп – пішер жеті қатты, Көкті де,
Есептейді алыс – жақын, шетті де.

Бұл жердегі автордың «Есеп – қисап» деп отырғаны арифметика, ал «хандаса» деп отырғаны – геометрия.

Автор уәзір, елші, қазынашы және жұлдызшы сияқты мемлекеттік қызметтегі адамдардың басқа салалармен бірге математика ғылымдарын да жетік білуі шарт деп санай-

ды. Оның пікірінше, математикалық білімсіз ел билеу, саяси - дипломатиялық, шаруашылық, т.б. мәселелерді дұрыс шешу мүмкін емес. Мәселен, ол қазынашының есеп-қисапты, жазбаша есептеудің ережелерін жетік білуі қажет екендігін қадап айтады:

Есі бар жан ешқашан да жаңылмас,
Санға жүйрік білер жөнін, қағылмас...
Жазу білген қажет есеп жазарға,
Хаттамасаң, қалай тұрар назарда?!
Жазсаң, айқын күллі шығыс - кірісің,
Жазу жөндер қазынаңның жұмысын...
Білер болса түрлі жазу сырларын,
Түсінгені қисаптың сан қырларын...
Хандасаны жете жақсы түсінсе,
Күрделі есеп – амалды еске түсірсе...

Автордың уәзірдің, елші мен жұлдызшының қандай адам болуы тиіс екендігі туралы төмендегідей тұжырымдары да назар аударарлық.

Уәзірдің қандай адам болуы керектігі туралы:

Білімге ұста, жүйрік болса есепке,
Жазуға ұста, керең болса өсекке.
Есеп – қисап еңбегі де ісі де,
Ол болмаса, түсер оттың ішіне.

Елшінің қандай адам болуы керектігі туралы:

Түрлі өнерді біліп алса шетінен,
Парасаттың нұры ойнар бетінен.
Жұлдыз танып, жори білсе түсті де,
Сөзі дәл кеп, емдесе оның үстіне.
Хандасаны, білсе санның түбірін,
Жерді, аспанды білсе санға жүгініп...

Жұлдызшының қандай адам болуы керектігі туралы:

Мұнан басқа жұлдызшылар бар енді,
Бақсаң, бұл жол – өте нәзік дәлелді.
Жыл, ай, күннің саны болар бұларда,
Бұл қисаптың керегі көп ұғарға...

Кітапта, сондай - ақ, математикалық білімді оқып – үйренудің қажеттігі, оны игерудің жолдары, т.с.с. мәселелер туралы да сөз қозғалады. Кітаптан осындай дидактикалық сарындағы нақыл - өсиеттерді көптеп келтіруге болады. Мысал үшін кітаптан тағы бір үзінді келтірелік:

Білгің келсе хандасаны жатқа алшы,
Сонда ашылар есеп - қисап қақпасы.

Көбейту, бөлу, бөлшектерді білгейсің,
Кемел біліп, емтиханды бергейсің.
Тазыфті де, тансифты де талдарсың,
Егер білсең, жұлдызды іздеп барларсың.
Қосу - алу, мәсахатты игергін,
Жеті қат көкті жіпке тізіп үйренгін.
Тілесек сен мұқабалды қарасаң,
Ұқлидистің қақпасын қақ қаласаң!
Ей ізгі ер, егер қисап жаңылса,
Қос дүние ісі бұзылады барынша.

Мұндағы, хандаса - геометрия; тазыф - қосарлау, 2 - ге көбейту амалы; тансиф - жару, 2 - ге бөлу амалы; мәсахат - жер өлшеу, жер бөлу; мұқабал – алгебра, ал автордың Ұқлидис деп отырғаны –X ғасырда өмір сүрген және «Үнді математикасы туралы бөлімдер» атты трактат жазған (953 ж.) мұсылман математигі Абу-л-Хасан Ахмет ибн Ибраһим әл-Уклидиси.

Сонымен, қорыта айтқанда, «Құтты білікте» математикалық білімнің және оны оқып-игерудің қажеттігі тұрғысынан құнды

кеңестер келтірілген. Ең бастысы, онда математикалық білімнің қоғамдық мән - маңызы жан - жақты ашып көрсетілген. Әрине, кітаптағы нақыл - өсиеттерді әдістемелік - математикалық ой - пікір дәрежесінде бағалауға бола қоймас. Солай дегенмен, Жүсіп Баласағұнның математикалық білім алуға шақырған өсиеттерінің өз заманы үшін ғана емес, қазіргі күн үшін де зор тәлім - тәрбиелік мәні бар. Оларды математика мамандығы бойынша болашақ мұғалімдерді, магистрлер мен PhD докторларын дайындау барысында «Математика тарихы», «Математиканы оқыту әдістемесінің тарихы» сияқты пәндерді оқытуда кеңінен пайдалануға болады. Осы пәндердің мазмұнына осындай материалдарды енгізу білім алушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың бойына ұлттық құндылықтарымызды қастерлеумен байланысты қасиеттерді сіңіруге ықпал ететіндігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қосанов Б.М. Ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтары. –А., 2015.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. Аударған А.Егеубаев. – А., 1986.



Білім мен құдіреттілік - екеуі бір нәрсе

Френсис Бэкон

УДК 811.581

А.Т.Тохметов

профессор кафедры восточных языков. КазНПУ им. Абая

С. Шолтай

магистр педагогических наук. КазНПУ им. Абая

ТРЁХЪЯЗЫЧИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ ВОСТОЧНЫХ ЯЗЫКОВ

В настоящее время вопросы трёхязычия обсуждаются как в научном, так и в практическом плане. В статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы его использования в учебный процесс. Особое внимание уделяется использованию некоторых инновационных технологий.

Ключевые слова: *иностраннные языки, университет, полиязычное образование, межкультурная коммуникация.*

Мақалада қазіргі таңдағы үштілдікке негізделген мәселелер қаралып, оның ғылыми және практикалық тұрғыдан қолданысы мен жоспарлау мәселелер қамтылған. Оқыту барысында кездесетін басқа да өзекті мәселелер қаралып, шешеу жолдары, оның ішінде инновациялық технологияны реті мен иініне қарай қолдануға назар аударған.

Түйін сөздер: *шығыс тілдері, университет, көптілді білім беру, мәдениаралық коммуникация.*

Currently, trilingual issues have been discussed in the scientific and in practical terms. This article discusses about the current issues of its use in education. Particularly, it pays an attention to the use some innovative technologies.

Key words: *foreign languages, university, multilingual education, intercultural communication.*

Рынок труда сегодня диктует достаточно жесткие требования прежде всего к компетенции и профессионализму специалистов. Президент Нурсултан Назарбаев ставит перед высшей школой сложные и амбициозные задачи, для выполнения которых следует сохранять лучшие традиции казахстанского образования и одновременно обеспечивать получение качественных знаний, соответствующих международным стандартам. Что возможно только при повышении уровня языковой подготовки студентов, воспитания у них лингвистического сознания.

Реализуемый в стране проект «Триединство языков» предусматривает развитие казахского как государственного языка, русского – для межгосударственного общения, английский необходим нам для успешной

интеграции в мировое образовательное пространство. Пути решения этих вопросов были обозначены на состоявшемся в ещё июле 2012 г. республиканском совещании «Полиязычное образование в Республике Казахстан: стратегия развития».

Эта важная работа сосредоточена в четырех направлениях – методологическом, нормативно-правовом, научном и учебно-организационного обеспечения. Преподавателями используются инновационные методики, новые технологии, в том числе электронные пособия, компьютерные программы, мультимедийные курсы, аудио и видеоматериалы. Все это формирует у студентов творческое отношение и интерес к процессу обучения, в том числе в дистанционном формате.

Немаловажно, что с 2013 года в государственный общеобразовательный стандарт ка-

захский, русский и английский языки включены как профессионально ориентированные дисциплины.

Полиязычие необходимо и для такого приоритетного направления работы вуза, как академическая мобильность, которая способствует развитию международных связей и успешной интеграции в мировое образовательное пространство.

Недостаточно ориентироваться только на профессиональные навыки. Важна и воспитательная составляющая. Знание языков – это еще и расширение кругозора, повышение уровня культуры любого человека, иной уровень мышления и новые возможности для общения. Многие студенты нашего университета достойно представляли Казахстан на международных конкурсах, симпозиумах и конференциях. Среди них можно назвать Кенжину Анжелу, выпускницу 2011 г., лауреата Международного конкурса «Мост китайского языка», Бекмухамбетову Мадину, выпускницу 2015 г., победителя Республиканской олимпиады по китайскому языку, которая сейчас учится в магистратуре Шанхайского университета.

Формы повышения интереса студентов к изучению языков различны. В постоянную практику вошло проведение «круглых столов» и семинаров, дебатов «Молодежь и китайский язык», викторин «Знаешь ли ты китайский язык», конкурсов выразительного чтения «Мост китайского языка» олимпиад по китайскому языку, литературно-музыкальных вечеров, организуемых научным студенческим кружком «Китаист» при кафедре восточных языков. Состязательность, стремление к победе являются действенными стимулами для добросовестной учебы.

Методика обучения иноязычной абстрактной лексике разработана на основе принципов когнитивно-коммуникативного подхода и представляет собой один из способов формирования механизма билингвизма, то есть обучение способам более легкого перехода с одного языка на другой [1]. Предлагаемая методика предусматривает поэтапную работу, а именно:

-этап концептуализации предусматривает обучение студентов наблюдению и рефлексии, применению оптимальных стратегий (сравнения, переноса, обобщения и др.); стимулирование преподавателем положительного переноса, способствующего более быстрому адекватному пониманию абстрактной лексики; коррекцию первичных гипотез студентов о форме, значении функции изучаемой лексической единицы;

-этап интериоризации предполагает развитие умений адекватно выбирать абстрактную лексику в соответствии с заданной коммуникативной ситуацией с целью обеспечения устойчивых связей нового слова с ситуацией, тематикой, другими словами;

-этап тренировки предусматривает актуализацию изучаемого материала в коммуникативных упражнениях и заданиях (чтение, написание письменных сочинений и т. д.) [2].

В процессе обучения абстрактной лексике у студентов формируются устойчивые компенсаторные стратегии, в частности лингвосистематизирующие, которые предполагают овладение приемами системно-сопоставительного анализа лексических средств.

Предлагаемая методика обучения абстрактной лексике, основанная на принципах когнитивно-коммуникативного подхода, является эффективной.

При обучении восточным языкам следует опираться не только на процессы мышления, которые осуществляются на родном языке индивида; но и на процесс сличения на основе лингвокомпаративного, анализа трех языков. Это диктует необходимость создания; методического инструментария, основанного на трех языках казахском, русском и английском.

Современная ситуация в казахстанском обществе ставит перед системой высшего образования новые, ответственные задачи. На уровне языковых вузов и кафедр такой задачей становится подготовка специалистов в области межкультурной коммуникации, что обуславливает необходимость повышения

качества учебного процесса, в котором язык усваивается как феномен культуры. Именно с этих позиций необходимо сегодня переосмыслить подходы к обучению студентов и магистрантов различным аспектам иностранных языков, в том числе восточных. Одним из наиболее важных из них является мотивация обучения и степень востребованности выпускников различными государственными структурами, научными учреждениями, малым и средним бизнесом.

Немаловажную роль играет их активное использование в научно-исследовательской работе студентов и магистрантов. Знание языков значительно расширяет базу исследований, так как появляется возможность знакомства со многими материалами и документами на языке оригинала.

У китайского языка в социокультурных условиях казахстанского общества большое будущее, хотя он и отличается значительно от казахского или русского языков. Поэтому в процессе обучения целесообразно учитывать различия языковых систем на разных уровнях.

Однако, как показывает практика, одного желания и готовности преодолевать трудности в изучении китайского языка оказывается недостаточно.

Требуется огромные усилия в овладении этим, одним из самых трудных для изучения языков мира. Следует напомнить, что в китайском языке большое количество диалектов, которые порой отличаются друг от друга настолько, что иногда северянин с трудом понимает жителя Южного Китая. Поэтому в качестве основного базового (как в самом Китае, так и за его пределами) изучается пекинский диалект (путунхуа) [3].

Обучение профессиональной речи студентов вузов требует тщательного подхода и разработки учебного процесса с правиль-

ным отбором текстов, ориентированных на социальную мотивацию и на учет особенностей китайского языка. В процессе обучения китайскому языку у будущего профессионала формируются компетенции различного рода, из которых особенно важны речевая и лингвокультурологическая, образующая ядро знаний о стране изучаемого языка. Обучение профессиональной речи очень важно, поскольку профессиональное общение связывает студентов с будущей деятельностью и страной иной культуры.

Функции преподавателя заключаются в руководстве познавательной деятельностью студентов, в ее стимулировании. Преподаватель не является экспертом по интерпретации культурного явления и не навязывает свою точку зрения студенту. На занятиях преподаватель должен побудить студентов к сравнению своей культуры и культуры изучаемого языка, излагая языковой материал и раскрывая культурные явления изучаемого языка, чтобы в ходе этой аналитической работы студент сумел осознать традиции своей собственной культуры, совершенствовал межкультурную компетенцию.

Студенту, магистранту предлагается провести самостоятельный поиск, понимание, толкование изучаемого языка, анализ его культурологического содержания, а также межкультурных аспектов его интерпретации. Он должен поделиться с другими студентами, магистрантами собственными умозаключениями, открыто вступить в дискуссию по интерпретации языковых явлений.

Успешное решение всех этих вопросов позволит, на наш взгляд, поднять уровень преподавания языков на качественно новую высоту, в полной мере отвечающей перспективным задачам современного казахстанского общества.

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Lewis M. Paul; Simons Gary F.; Fennig, Charles D., eds. *Ethnologue: Languages of the World* (Eighteenth ed.). - Dallas, Texas: SIL International. – 2015.

2. Tokhmetov A. Using testing as a form of educational technology // Methods of teaching oriental languages. Actual problems and trends. II - nd International conference proceedings. Moscow: Grifon. 2015.-76-87 p.

3. Астрахан Е.В., Завьялова О.И., Софронов М.В. Диалекты и национальный язык в Китае. – М., 1985. – 224 с.

ӘОЖ 9.91.910.1.

К.Ә. Қаражанова

Жұмабай Мырзағалиев атындағы орта мектептің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі. Атырау облысы Исатай ауданы.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫМЫЗ ҰТЫСҚА ЖЕТКІЗЕР

Мақалада ұлттық тәрбиенің ықпалының жастар арасында бәсеңдеп бара жатқандығы туралы айтылады. Жас буынға ұлттық тәрбиенің құндылықтарын дәріптеу арқылы, патриоттық тәрбиеге, адамгершілікке, игі істерге баулуға болатындығы жөнінде жан-жақты талқыланып, жазылды.

Түйін сөздер: *тәрбие, ұлттық рух, тәсіл, білім.*

В статье сказано о снижении влияния национального воспитания среди молодежи и о необходимости. Приобщение подрастающего поколения к национальной культуре, обычаям и традициям, духовным и нравственно-эстетическим ценностям народов. Национальное образование имеет важное значение для развития будущего поколения

Ключевые слово: *воспитание, национальный дух, образование.*

In this article it is said to reduce the impact of national education of young people and the need for its formation with the help of new technologies. Joining the younger generation to the national culture, customs and traditions, spiritual, moral and aesthetic values of the peoples. National education is essential for the development of the next generation

Keywords: *education, national spirit, knowledge.*

Ұлттық құндылық пен ұлылық атаулының өзін ХІ ғасыр ағымына лайық жетілдіре отырып, өзге ұлыстардан ерекше күйде оздыра білу, бұл-есті де текті кісілік пен кемел декеменгер білгірліктің белгісі екені дөсөзсіз.

Жалпы әлемдік жаратылыс атаулы небір құпияларға, тылсым сырларға толы. Адамзат баласының өмірлік тіршілігі мен өркендеу, көркею жолдары да оның бірінен саналады. Әрбір халық өзін-өзі дана санайды және басқа жұрттан артық сезінеді. Сөз жоқ, бұл табиғи заңдылық, табиғи үрдіс. Бұл әлемдік барша халыққа, әсіресе қазаққа да ортақ құбылыс.

Қазақ қауымында ел тарихын, ұлт шежіресін, рулық ата-бабалар шежіресін әйгілі

ұлттық тұлғалар арқылы зерделеу, оны ұлқыздарың ой-санасына мұқиятты түрде сіңіре отырып, алтын тектілікке, ұлылыққа, тұлғалыққа баулу – қазақтың таным – түсінігінде ертеден қалыптасқан ең озық ата салт-дәстүр, ең ұтымды да ең ұтқыр үрдіс. Өйткені, кез келген этностық халық болып қалыптасуының өзі табиғи дамудың, сактылы әлеуметтік, саяси экономикалық дамудың барлық деңгейінен өтіп, ой-санасы өсіп, дүние танымы кеңейіп, өмірлік тәжірибесі молаюының, рухани баюдың арқасында марқаюына, дана, білікті-білгірлердің ақылман талғам-таразысы мен ой-

өрісіне, бізге көздің қарашығындай мінсіз қорғай білуге жеткізе отырып, бүгінгі және келешек ұрпаққа мәңгі мұра, аманат-өсиет етіп қалдырғаны белгілі. Күллі текті ұлы Ата-бабаларымыздың қанына бөккен киелі жері, қасиетті елі дегенде, оның ешкімге де кіріптарсыз алаңсыз азат елдігі мен ұлағаты зор ұлттығын қапысыз сақтай білу дегенде әр қазақтың, оның отбасының ұлттық ұстанымына, өре деңгейіне байланысты екендігі, нағыз кекті де принципшіл, азаматтық әрі озық халықшыл, әрі ұлтшыл позициясына, ақыл-ойына, ұлттық намысына, парасатты даналығына, асқақ тұлғалылығына, кемеңгер елтұтқа, жанкешті ірі кісілігіне тікелей байланысты екендігі даусыз. Әлбетте, ұл-қыздарымыз көсем не министр, не академик болып, анадан дайын күйде туыла қалмайды. Үнемі ізденімпаз да талғампаз іскерлікпен ең ұтымды да ұтқыр, ең озық да асыл тәлім-тәрбие, білім-ілім бере білудегі тынымсыз еңбек қана туғызады. Демек, алда алуға міндетті асуларға қатысты таным-талғам-түйсік атаулыны үнемі жаңаша жаңалап, жетілдіріп, оздырып отыруды қажет етеді. Әйтпесе тот басады, мүлдем өшеді.

Жалғыз туған Отанымыздың, туған халқымыздың қадір-қасиетін білу үшін ең алдымен оның орасан зор бай тарихын, ұлттық даму үрдістері мен өсиеттерін жан-жақты терең игере білуден басталады. Әрбір адам тек ат үстінде жүріп, қара қылды қақ жара білген қаһарман батырларын, топ жара білген үздік шешендері мен халқына қалтқысыз пана бола білуде тек жанқияр дәрежеде қызмет ете білген халықшыл, азаматтық парасаты зор асыл перзенттерін, жеңімпаз көкбөрілерін, көреген кемеңгер ел тұтқаларын таниды, олардың өрлеу жолдарын, биікке шарықтау ірі кісілік келбетін саралай ұғынады, іштей қайта-қайта сансыз рет қайталап, кең тынысты ойы мен жүрегіне, зерек санасы мен сергек бойына шегелеп сіңіреді. Оларға үнемі еліктеу құштарлығымен ұқсауға, қайткен күнде де, сондай ұлттық тұлға бола білуге құлшыну, өзіне үлгі – өнеге тұта жүріп, пір тұтына жүріп, үйрену, жетілу, меңгеруді

ұтымдылықпен игереді. Олардан өзі де оқшау оза білуге жанталаса құлшынады, ерекше мүдделі ізденімпаз да талғампаз жігерін еселеп құрыштай ширата түседі.

Бүгінгі ұл-қыздарымыз кешегі ата даңқымен емес, керісінше өз даңқымен атақты бола білуге айрықша мүдделі түрде құлшыну, оған қалай болған күнде де қолын жеткізе білу, бұл-ең тұлы бақыт, ең ұлы ғанибет. Олай болса, ұлттық ұлылық пен ұтқыр құндылықтарды ұл-қыздарымыздың ой-санасына, өн бойына ыждаһаттылықпен жаңаша шегелеп сіңіре білуді, оларды бұрынғыдан да бетер үнемі жетілдіріп отыруды есті де текті күймен үнемі ескере білу, олардың ұтымды артықшылықтарын ереғкше күйде жетілдіре түсу, қайткен күнде де оздыра білу, бұл – нағыз есті де текті кісілік пен кемел кемеңгерлікке қолын жеткізе білудің ең шырқау шыңы болмақ.

Кеше есті де текті алтын заманда Атам Қазақ: «Қызым саған айтамын, ал келінім сен тыңда, іске «асыр» дей отырып, күллі қыздарын әлемде теңдесі жоқ дәрежеде озық тәрбиелей білген, көреген кісілікпен ұтқыр өрбіте білген, қысқасы шоқтығы биік еланасы, ұлтанасы ете отырып, ұлттық мақтанышқа айналдыра білген қазақ. Байтақ жер, ел дегенде, ұлт, ұрпақтың бүгінгі және келешек тағдыры дегенде ұлдарын намысшыл, жеңімпаз ұлттық қыран, қыздарын намысшыл ұлттық ұлан ете білген ұлы қазақ.

Қалай дегенде де ендігі жерде, ендігі уақытта ХХІ ғасыр ағымында осынау қазақтың дәрежесінде жаңаша терең ойланyp, ұлт, ұрпағымыз үшін кемел жанашырлықпен жаңаша толғанып, өткен ұлттық құндылық пен асылдық атаулыны көреген ұтқырлықпен жан-жақты жаңаша талдай отырып, оның озық асылдығы мен гауһарларын жаңаша саралап тандай білуді аса айрықша қажет ететін және оларды жаңаша оздыра білетін, ұл-қыздарымызды міндетті түрде ұтқыр асылдықпен жаңаша өрбіте білетін, бүкіл қазақ жаңаша озық күйде ғұмыр кеше білетін күн туды. Ұлттық мүддені Ту етіп ұстайтұғын, ұлттық намысты асқақтата білетұғын жеңімпаз

көкбөрі және қажымас қайсар, есті де де текті қайраткер қазақты ғана армандаймын.

Иә қазір бәсекелі күрес пен жарыстың жанталасты күйге түскен және оны қалай да оздыра білудің заманы. Әлемдік жаһандану-ғаламданудың озбыр аждаһа айдаһарларын жүгенсіз өрбіту кезеңінде жеңімпаз мықтылар кемел тектіліктің арқасында ғана аман қалатыны, ал ұлтсыз, тәрбиесіз, намыссыз, жігерсіз, әлсіз. жұтылып кететіні сөзсіз, яғни жер бетінен толық жоймай тынбайтын сұм заманы келді. Тұл қоғамда ұлт рухын шектеген. Сол себептен де ұлағатты орасан зор төмендегі

ұлттық ұтқыр ұтысқа жеткізер ғибратқа толы өсиетті һәм қазақ қаперінде сақтап, күнделікті өмірде ұстана білу мақсатында ұсынғанды жөн санадық.

Ендеше жаңаша ойлан, Қазақ! Жаңаша оян, Қазақ! Теңдесі жоқ көкбөрілік рухты жаңаша қайта тірілте отырып, ұлттық ойсананы, намысты серіппедей серпіліске, адуынды сілкініске жаңаша түсіре отырып, тезірек асылдан, Қазақ!

Тәуелсіз де озық Елдік келбет, жеңімпаз көкбөрі Ұлттық келбет бәрінен де аса қымбат! Жұдырықтай жұмыла атсалысайық!

ӘОЖ 37.03.37.032.

С.Қ.Құсайынова

*Педагогика ғылымдарының кандидаты, биология кафедрасының доценті
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті*

ҚАЗАҚСТАНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Мақалада қазақстан ғалым-педагогтарының зерттеулерін ретроспективті талдау негізінде оқушыларды және студент жастарды және болашақ мұғалімдердің осы проблеманы жүргізуге даярлықтары олардың салауатты өмір салтын тәрбиелеудің зерттеу жағдайлары қарастырылған.

Түйін сөздер: *өмір салты, салауатты өмір, денсаулық, тәрбие*

В статье на основе ретроспективного анализа исследований казахстанских ученых-педагогов определено состояние исследованности проблемы формирования здорового образа жизни учащихся и студенческой молодежи и готовность будущих учителей к этой проблеме.

Ключевые слова: *образ жизни, здоровый образ жизни, здоровье, образование*

The article, based on a retrospective analysis of studies of Kazakhstani scientists and educators determined the state of research on the problem of formation of a healthy way of life of pupils and students and the readiness of the future teachers to the problem.

Keywords: *lifestyle, healthy life, health, education*

Қазақ ғалым-педагогтары Т.Қ.Бөлеев, А.В.Ахаев, Ш.А.Түлебаева, Ж.О.Жилбаев, А.С.Иманғалиев, Ж.З.Торыбаева, Д.Ф.Ақбердиева, А.Қ.Қаплиева, т.б. салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесімен айналысып, нәтижесін монографиялық,

оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік нұсқаулар мен бағдарламалар түрінде жарыққа шығарғанын анықтадық.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесінің құрамдас бөлігі алкогольге қарсы тәрбие беру. Бұл мәселеге арналған Т.Бөлеевтің 1993 жылы шығарған «Передовой опыт учителей и школ по антиалкогольному воспитанию» атты әдістемелік құралында Қазақстан мектептерінде 1985-1993 жылдары оқушыларға алкогольге қарсы тәрбие берудің озық тәжірибесі» жинақталып, оларды пайдалану жолдары көрсетілген [1]. 1994 жылы Т.Қ.Бөлеевтің «Система антиалкогольного воспитания учащихся средней школы» атты әдістемелік ұсынысында оқушыларға алкогольге қарсы тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері қысқаша жасалынған [1]. Ал Т.Қ.Бөлеевтің «Система антиалкогольного воспитания учащихся» атты монографиясының бірінші «Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына алкогольге қарсы тәрбие берудің теориялық негіздері» тарауында оқушыларға алкогольге қарсы тәрбие беру – педагогикалық проблема екені, оқушыларға алкогольге қарсы тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері және республиканың жалпы білім беретін мектептерінде оқушыларға алкогольге қарсы тәрбие беру жайы анықталған.

«Жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларына алкогольге қарсы тәрбие берудің әдістемелік негіздері» атты екінші тарауда алкогольге қарсы тәрбие беруге мұғалімдерді дайындау, оқыту үрдісінде, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда, отбасының және медициналық мекемелердің бірлігі алкогольге қарсы тәрбие беру баяндалған [1].

Сонымен аталған еңбек республикада алкогольге қарсы тәрбие бойынша тұңғыш ғылыми зерттеу болып саналады.

А.С.Иманғалиевтің «Развитие идей валеологии и физического воспитания детей в казахской этнопедагогике» атты құралында қазақ халқының валеологиялық түсініктері және балаларға дене тәрбиесін беруде қазақ-

тын ұлттық ойындарының рөлін көрсету сипатталған [2].

О.С.Сәлімбаев пен Т.Қ.Бөлеевтің «Воспитание здорового образа жизни учащихся в процессе естественно-научного образования» атты оқу құралында орта мектепте биологияны және химияны оқытуда никотинге қарсы тәрбие беру, биологияны, химияны және физиканы оқытуда никотинге қарсы тәрбие беру және «Адам және оның денсаулығы» курсының оқыту үрдісінде оқушыларға гигиеналық тәрбие берудің әдістемесі жасалған [3].

О.С.Сәлімбаев, Т.Қ.Бөлеев және Э.Т.Құрманәлиеваның «Психолого-педагогические основы антинаркотического воспитания учащихся» атты оқу құралында жеткіншектік-жастық шақта наркоманияның алдын алудың психологиялық-педагогикалық негіздері, наркотикалық заттардың классификациясы мен даму динамикасы, наркотикалық препараттар қабылдаудың мотивтері мен тәуелділік формалары, алдын алу жұмысын жүргізу ұстанымдары, никотинге қарсы тәрбие берудегі мектептің, отбасы мен қоғамдық ұйымдардың рөлі, наркомания туралы эксперттік бағалау әлеуметті құбылыс екендігі қарастырылған [4].

П.Қ.Бөлееваның «Методика антинаркотического воспитания студентов» атты оқу құралында Қазақстанның жоғары оқу орындарында студенттерге наркотикке қарсы тәрбие беру тәжірибесі, студенттерге «Салауатты өмір салты» бағдарламасы бойынша наркотикке қарсы тәрбие берудің интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану әдістемесі жасалған [5]. Сонымен қатар автор «Антинаркотическое воспитание» атты әдебиеттер көрсеткіші мен «Здоровый образ жизни: основы здоровья, профилактика наркомании» оқу бағдарламасын шығарып, оқу үрдісіне ендірген [5].

А.В.Ахаевтың редакциясымен шыққан «Валеологизация учебно-воспитательного процесса в общеобразовательных школах» атты құралда валеология - білім беру жүйесінде пән екені, қазіргі мектептегі оқу-тәрбие үрдісін валеологизациялау, валеоло-

гия тұрғысынан оқыту әдістерінің сипаттамасы, денсаулық сақтаушы компьютер мен технологиялар, химия сабақтарында оқушыларға валеологиялық білім беру, табиғаттану, биология және география сабақтарында валеологиялық білім алудың негіздері, бірінші сыныпта «Дүниетану» және «Сауаттылыққа оқыту» пәндерінің мазмұнын валеологизациялау және мектепте «Денсаулық және жеке дара дамыту» пәнін оқитуды жеке даралау үрдісі сөз болған [6].

Т.Қ.Бөлеевтің «Профилактика аутоагрессивных форм поведения» атты көлемді монографиясы Қазақстанда аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алуға ғылыми-педагогикалық тұрғыда қарастырылған алғашқы еңбек [7].

Жұмыстың бірінші тарауы «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алудың теориялық негіздері» деп аталып, онда оқушылардың аутоагрессиялық мінез-құқы психологиялық-педагогикалық проблема екені, аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алудың психологиялық-педагогикалық негіздері, жалпы білім беретін мектептер оқушыларының аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алудың және олардың білім деңгейлерінің жайы анықталған.

Екінші «Оқу үрдісінде аутоагрессияны ескертудің мазмұны, формалары мен әдістері» атты тарауда биологияны, химияны және физиканы оқытуда алкогольге қарсы тәрбие беру, валеологияны оқыту үрдісінде аутоагрессиялық мінез-құлықты ескерту және эксперименттік зерттеуді жүргізу әдістемесі мен мазмұны, олардың нәтижелері сапалы және сандық көрсеткіштермен өрнектелген.

«Оқушыларының аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алу бойынша сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың жүйесі» атты үшінші тарауда оқушыларының аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алудың жеке дара, топтық және көпшілік жұмыстардың формалары мен түрлері мазмұндалған.

Төртінші «Оқушыларының аутоагрессиялық мінез-құлық формаларын алдын алу бойынша іс-әрекетке мұғалімді дайындау» атты тарауда аутоагрессияның алдын алу іс-әрекетіне болашақ мұғалімдерді дайындау, олардың сол іс-әрекетке даярлық критерийлері мен деңгейлері және даярлық жайы анықталған.

Ә.А.Халиева мен П.Қ.Бөлееваның «Мектеп оқушыларын салауатты өмір салтына тәрбиелеу» атты оқу-әдістемелік құралында салауатты өмір салтын тәрбиелеудің көкейкестілігі, «Салауатты өмір салтын тәрбиелеудің теориялық негіздері» атты бірінші тарауда «өмір салты», «салауатты өмір салтын тәрбиелеу» ұғымдарының мәні мен құрылымдары, шетел педагог-классиктері, ортағасыр ойшылдары мен қазақ ағартушы-педагогтарының салауатты өмір салтын тәрбиелеу туралы ой-пікірлері айтылған. Ал оқу-әдістемелік құралында екінші тарауында пән сабақтарында, сабақтан тыс жұмыстарда темекі, ішкілік ішуге және наша тартуға қарсы тәрбиелеудің мазмұны, формалары мен әдістері жасалынған [8].

К.Ж.Қожахметова мен М.Е.Демеуованың жасөспірімдер мен жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша «Жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік мектептер мен лицейлердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттері арасында темекі шегуге, нашақорлықтың, ішімдікке салынудың алдын алуға арналған көпсатылы білім беру бағдарламасы» сол оқу орындарының оқу-тәрбие үрдістеріне енгізуге арналған [9].

Профессор Ж.З.Торыбаева салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесімен 20 жылдан аса айналысып, көптеген мақалалар мен үш монографиялық еңбек шығарған ғалым-педагог. Оның «Методика формирования здорового образа жизни школьников в процессе совместной работы школы, семьи и общественности» оқу-әдістемелік құралы, «Формирование здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания» және «Теоретические основы внедрения инно-

вационных технологии формирования здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания» атты монографиясында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектептің, отбасы мен қоғамдық ұйымдардың бірлестігі арқылы жүзеге асатыны дәлелденген [10].

Ж.З.Торыбаеваның «Формирование здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания» атты монографиясының бірінші тарауы «Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесінің ғылыми-педагогикалық алғышарттары» деп аталып, онда педагогика ғылымында салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесінің салауатты даму тарихы, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың ерекшеліктері және оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда әлеуметтік ортаның рөлі ашылған.

«Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы әлеуметтік ортаның өзара әрекеттесуінің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты екінші тарауда мектептің, отбасы мен қоғамдық ұйымдардың өзара әсерлесуінің бастапқы теориялық негізі, сол іс-әректі жобалау және оның теориялық нобайы жасалынған.

Үшінші «Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектептің, отбасы мен қоғамдық ұйымдардың өзара әсерлесуінің әдістемесі» атты тарауда сол өзара әсерлесуді ұйымдастыру және оның формалары мен әдістері анықталып, олар іске асырылған.

Ж.З.Торыбаеваның «Теоретические основы внедрения инновационных технологии формирования здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания» атты монографиясында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы инновациялық технологияларды ендіру мәселесінің теориялық алғышарттары, концептуальдық негіздері мен оларды ендірудің жолдары және шарттары, оқушылардың салауатты

өмір салтын қалыптастыруға инновациялық технологияларды ендіруге педагогтардың, мектептің, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың өзара әсерлесуіне дайындау әдістемесі жасалған [10].

Т.Қ.Пірәлиеваның «Психолого-педагогическая профилактика и реабилитация несовершеннолетних, склонных к употреблению наркотиков и алкоголя» атты әдістемелік құралында нашақорлыққа және ішкілікке салынған кәмілетке жасы толмаған балалардың психологиялық ерекшеліктері, психологиялық - педагогикалық алдын-алудың жолдары мен салауатты өмір салтына бейімдеу формалары мен әдістері нақты мысалдар арқылы көрсетілген [11].

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру» арнайы курс бағдарламасына сәйкес «Ұлттық тәрбие (салауатты өмір салтын қалыптастыру)» (Құрастырушылар: С.Ж.Пірәлиев, К.Н.Нәрібаев, Р.К.Төлеубекова, Г.К.Шолпанкұлова, Б.Т.Махметова, А.Е.Берикханова, Д.Ә.Нұрғалиева) оқу құралы даярланған. Онда салауатты өмір салтын қалыптастырудың ерекшеліктері сипатталынып, қазіргі қоғамдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, тәрбие тал бесіктен басталатыны, адам ағзасын уландыратын заттар, маскүнемдіктің адам болмысына және мінез-құлығына әсері, нашақорлық - өлім тұзағы, жезөкшелік - азғындық жолы, жұқтырылған қорғаныш тапшылығы бесігі-әлемдік індет екендігі, бүгінгі жастар және құмар ойындарының зияндылығы баяндалған [12].

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыруды жүзеге асыру үшін және оның тиімді болуы мұғалімдер мен болашақ мұғалімдердің сол мәселеге дайындау қажет.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселемен сонау 1985 жылдан бастап айналысып, студент кезінде 1990 жылы «Анти-алкогольное воспитание учащихся и молодежи» атты әдістемелік нұсқау шығарып, бүгінгі таңда үш монография, 10 оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары және 100-ден аса мақалалар шығарған профес-

сор Т.Қ.Бөлеев салауатты өмір салтын қалыптастыру тиімді болу үшін мұғалімнің даярлығы басты мәселе екенін дәлелдеп, 2004 жылы Мәскеудегі «Прометей» баспасынан көлемі 365 беттік монографиясын шығарғанын анықтадық [13].

Монографияның рецензенттері: Ресей Білім академиясының академигі, педагогика ғылымының докторы, профессор В.А.Сластенин, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Білім академиясының академигі Д.В.Колесов және психология ғылымдарының докторы, профессор, академик Ж.И.Намазбаева.

Т.Қ.Бөлеевтің «Профессиональная готовность учителя к деятельности по профилактике аутоагрессивных форм поведения учащихся» атты монографиясында оқушылар аутоагрессивтік мінез-құлқының формаларының алдын алу бойынша мұғалімдердің іс-әрекеті жүйелік тұрғыда ашылып көрсетілген [13].

Еңбектің «Аутоагрессия феноменін теориялық-әдіснамалық талдау» атты бірінші тарауында аутоагрессия феномені – педагогикалық зерттеудің ғылыми категориясы және нысаны екендігі, аутоагрессивтік мінез-құлық формаларының қауіп-қатерлік факторлары және аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алудың халықаралық практикасы анықталынған.

Екінші «Оқушылардың аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алу бойынша болашақ мұғалімдердің іс-әрекетіне даярлығының ерекшеліктері» тарауында мұғалімнің аталған іс-әрекетке даярлығының құрылымы мен моделі жасалынған.

«Оқушылардың аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алу бойынша болашақ мұғалімдердің іс-әрекетіне даярлығын

ұйымдастыру» атты үшінші тарауында сол іс-әрекетке болашақ мұғалімнің даярлығын қалыптастыру технологиясы мен диагностикасы, мектеп мұғалімдерін оқушылардың аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алу бойынша дайындау және мамандығын арттыру мәселелері айтылған.

Төртінші «Болашақ мұғалімдердің оқушылардың аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алу іс-әрекетінің жүйесі» атты тарауында оқу үрдісінде, оқудан тыс жұмыстарда оқушылардың аутоагрессивтік мінез-құлық формаларын алдын алу жүйесі және экспериментальдық зерттеулердің әдістемесі, мазмұны мен нәтижелері математикалық–статистикалық әдістерді қолдану арқылы дәлелденген.

Ш.А.Төлебаеваның «Организация деятельности будущих учителей по профилактике наркомании школьников» атты оқу құралында нашақорлықтың алдын алудың психологиялық және әдістемелік негіздері жасалынған [14].

Оқу құралы кіріспеден, үш тармақшадан, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Онда нашақорлықтың алдын алу ғылыми категория және педагогикалық зерттеу нысаны екені, жас жеткіншектер нашақорлығының мәні мен механизмі және болашақ мұғалімдерді педагогикалық үрдісте оқушылардың нашақорлықтың алдын алу бойынша іс-әрекетке дайындаудың дидактикалық және әдістемелік ерекшеліктері анықталынып жасалынған.

Сонымен, қазақ педагогикасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі бойынша біршама зерттеулер жүргізіліп, олар түрлі оқу орындарының оқу-тәрбие үрдістеріне ендірілуде екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөлеев Т.К. Передовой опыт учителей школ по антиалкогольному воспитанию. - Жамбыл: обл.ИИУ, 1994; Бөлеев Т.К. Система антиалкогольного воспитания учащихся средней школы. –Жамбыл: ОблИИУ, 1994. - 30 с.; Бөлеев Т.К. Система антиалкогольного воспитания учащихся: Монография. –Алматы: Нұрлы әлем, 1999. - 155 с.

2. Имангалиев А.С. Развитие идей валеологии и физического воспитания детей в казахской этнопедагогике. Учебное пособие. - Алматы: Өлке, 1996. -142 с.
3. Салимбаев О.С., Болеев Т.К. Воспитание здорового образа жизни учащихся в процессе естественно-научного образования. Учебное пособие.- Алматы: Нұрлы әлем, 2000. -140 с.
4. Салимбаев О.С., Болеев Т.К., Курманалиева Э.Т. Психолого-педагогические основы антинаркотического воспитания учащихся. Учебное пособие. - Алматы: Нұрлы әлем, 2001. - 84 с.
5. Болеева П.К. Антинаркотическое воспитание. Библиографический указатель. - Тараз: Университет «Қайнар», 2002. - 18 с.; Программа спецкурса «Здоровый образ жизни: основы здоровье, профилактика наркомании. - Тараз: Университет «Қайнар», 2003. - 16 с.; Болеева П.К. Методика антинаркотического воспитания студентов. Учебное пособие. - Алматы: Нұрлы әлем, 2008. - 108 с.
6. Валеологизация учебно-воспитательного процесса в общеобразовательных школах / Под ред. А.В.Ахаева. –Алматы: Мектеп, 2002. -48 с.
7. Болеев Т.К. Профилактика аутоагрессивных форм поведения. Монография. - Тараз: ТарМУ, 2002.- 320 с.
8. Халиева Ә.А., Болеева П.Қ. Мектеп оқушыларын салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Оқу-әдістемелік құрал. - Тараз: ТарМУ, 2005. - 78 б.
9. Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. Жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік мектептер мен лицейлердің, колледждердің оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттері арасында темекі шегуге, нашақорлықтың, ішімдікке салынудың алдын алуға арналған көпсатылы білім беру бағдарламасы. –Алматы: Раритет, 2003.- 24 б.
10. Торыбаева Ж.З. Методика формирования здорового образа жизни школьников в процессе совместной работы школы, семьи и общественности. Учебное пособие. - Шымкент: ЮКГУ им.М.Ауэзова. – 2004. - 108 с.; Формирования здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания. Монография. - Шымкент: ИПК и ППК, 2007. - 150 с.; Теоретичесие основы внедрения инновационных технологии формирования здорового образа жизни школьников в процессе взаимодействия социальных институтов воспитания. Монография.- Шымкент: МКТУ им Х.А. Ясави, 2008. - 324 с.
11. Пралиева К. Психолого-педагогическая профилактика и реабилитация несовершеннолетних, склонных к употреблению наркотиков и алкоголя. Методическое пособие.- Алматы: Дәнекер, 2011. -2011.-104 с.
12. Ұлттық тәрбие (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) (Құрастырушылар: С.Ж.Піралиев, К.Н.Нәрібаев, Р.К.Төлеубекова, Г.К.Шолпанқұлова, Б.Т.Махметова, А.Е.Берикханова, Д.Ә. Нұрғалиева). Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. -208 б.
13. Болеев Т.К. Профессиональная готовность учителя к деятельности по профилактике аутоагрессивных форм поведения учащихся. Монография. - М.: Прометей, 2004.- 368 с.
14. Тулебаева Ш.А., Организация деятельности будущих учителей по профилактике наркомании школьников. Учебное пособие. - Тараз: ТарГПИ, 2004.-142 с.

ӘОЖ 37.03.371.3.371.39

Р.Б. Абдрахманова

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы

ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ КЕЙС – СТАДИ ӘДІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада тілді үйретуде кейс-стади әдісінің техникасы мен жолдары көрсетілген. Аталмыш әдіс оқу процесінің білім мазмұнын тереңдетіп, жаңартып, барынша өз үлесін қосатындығы жөнінде жазылған.

Түйін сөздер: педагогикалық әдіс, кейс-стади, білім, ғылым, болашақ.

Статья рассматривает методику и технологию применения кейс-стади в обучении и преподавании языков. Данный метод является наиболее эффективным в обновлении содержания обучения и модернизации учебного процесса.

Ключевые слова: методика преподавания, кейс-стади, образование, наука, будущее.

The article considers the technology, methods and ways of the case-study in developing students' practical knowledge and educational competence. This method helps teachers grow their professional degree and improve the quality of education and process of teaching.

Keywords: teaching methods, case studies, education, science, future.

Ең алдымен осы әдістің қалыптасу тарихына үңілетін болсақ, кейс әдісі алғаш рет Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің құқық мектебіндегі оқу үрдісінде 1870 жылдан бастап қолданылған екен, ал 1920 жылдан бастап сол жердегі бизнес мектебінде қолданысқа ене бастапты [2].

Оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс – стади тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен американдық ғалым Коупленд ең алғашқылардың бірі болып өз еңбектерінде осы термин атауын пайдаланған. Кейс әдісінің, осы термин атауының алғаш рет жан – жақты талқылануы да Гарвард университетінің бизнес жайлы жасаған есебінде көрініс тауыпты.

1973 жылы жиырма екі жоғарғы оқу орнының бастамасы бойынша құрылған ұйымы осы кейс әдісін құрастыру және тарату ісінде көшбасшы болып келеді, 1991 жылдан бастап бұл ұйым деп аталады [2].

ЕССН – әлемнің әртүрлі елдеріндегі кейс әдісімен айналысатын ұйымдармен тығыз қарым – қатынас жасап отыратын коммерциялық емес ұйым. Қазіргі кезде бұл ұйым құрамында 340 бірлестік бар, оның ішінде Лозанна мен Швейцариядағы Менежментті дамыту институты, Фонтенблодағы (Франция), Барселонадағы (Испания), Лондон бизнес мектебі, Кранфилдегі Менежмент мектебі бар. Олардың әрқайсының өздері құрастырған кейс әдісі жинақтары бар және оларды таратуға ЕССН ұйымының құқықтары белгіленген [3].

Қазіргі кезде кейс – стади әдісімен айналысатын екі классикалық мектеп бар, олар – Гарвард (америкалық) және Манчестер (европалық) мектептері. Бірінші мектептегі кейс әдісінің басты мақсаты ретінде әділ шешімді табуға үйрету қарастырылса, екінші мектепте мәселелерді шешудің көптүрлілігі қарастырылады. Америкалық кейстердің көлемдері үлкен, мәтіндері 20 – 25 беттен

тұрады, оған қосымша иллюстрацияланған 8 – 10 бет беріледі. Европалық кейстердің көлемі оларға қарағанда 1,5 – 2 есе кішірек болып келеді.

Гарвард (америкалық) бизнес мектебі оқу үрдісінің 90% кейс әдісінің нақты мазмұнын сақтай отырып талдап – талқылаумен айналысады. Видеоматериалдарды, компьютерлік және бағдарламалық құрылғыларды пайдалана отырып, студенттердің білімге деген қызығушылықтарын арттыру – Гарвард мектебінің ең басты талабы. Статистикалық мәліметтерге қарағанда Гарвард мектебі немесе кез – келген бизнес мектебінің студенті білім алу барысында жүздеген кейс жасап шығарады. Жыл сайын бұл мектепте кейс жинағына еніп отыратын жүздеген жаңа кейстер мен оларды толықтырып отыратын әдістемелік құралдар шығып отыратынына толық көз жеткізуге болады.

Манчестер мектебі Гарвард мектебіне қарағанда жағдаяттарды қысқаша сипаттауды, олардың шешімдерін тез әрі ашық түрде табуды және талқылауды топпен жүргізуді ұсынады.

Кеңестік дәуірдегі біздің елімізге кейс әдісін өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында экономика пәнінің оқытушылары алып келген. 1924 – 1925 жылдары Гарвард университетінің «Экономика» сериясы бойынша шыққан журналдар жинағында оқытушылар кейс әдісімен кеңінен таныса бастайды. 1926 жылдың қыркүйегінде Ресейде кеңестік партия мектептерінде экономика пәндері оқытушыларының ғылыми – тәжірибелік конференциясы өтеді. Осы конференцияда оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылып жүрген әдістер, жобалық әдіс және кейс әдісі қарастырылады.

Қазіргі заман талаптарына сай біздің алдымызға қойылған басты міндеттердің бірі – жан – жақты білімді, білікті, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Осындай міндеттерді орындауда тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін кейс – стади әдісін қолданудың орны ерекше. XX ғасырдың басында АҚШ – тың Гарвард университетінің бизнес – мектебінде енгізілген кейс – стади әді-

сі – шынайы және ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивтік технология. Осы әдіс негізінде студенттердің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын оятып, мемлекеттік тілдің аясын кеңейтудегі білімдерін қалыптастыруға болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. Ұлттық білім берудің барлық салалары сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын, білім беру ісінде заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін қолдану аса маңызды екенін атап көрсетті. Осыған орай білім беру ісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдануды басты назарға алуға тиіспіз.

Оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе болып табылатын кейс – стади әдісінің негізгі мақсаты – студенттердің бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру, әр түрлі жағдаяттарды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту болып табылады.

Кейс ұғымы ағылшынның «деген» сөзінен алынған, ол «жағдай» деген мағынаны білдіреді немесе оны «жағдаятты нақты талдау» деп те атайды. Кейс деп – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуін айтуға болады. Мысалы, кәсіпорынның құрылуы, оның дамуы, бизнестегі табыстары мен қиыншылықтары, т.б. Студенттер ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетуді және олардың ішінен ең тиімдісін тандап алулары тиіс. Осы талдау барысында студенттер, өздерінің орындайтын тапсырмаларын нақты түсініп, алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал ұстаздың міндеті, осы кейс әдісін қолдану арқылы студенттердің белсенділігін бақылап, барлығының қатысуларын қадағалай алады. Сонымен қатар, студенттердің талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды. Бұл әдіс оқытушы тарапынан

үлкен шығармашылықты талап етеді және оның ой – өрісінің толық бейнесін көрсетіп бере алады. Кейс әдісін жағдайды талдау әдісі, ойындық жобалар, дискуссия әдісі құрайды[1].

Қазіргі заманғы оқыту әдістемесінде кейс – стади амал – тәсілдерін жан – жақты зерттеп, оларды қолданысқа енгізуді қарастырып жатқан көптеген ғалымдар бар. Солардың қатарында С.Д.Смирнов., М.В.Антипина., Л.Барис., В.А.Ясвин, К.Кристенсен, М.С.Керимбаева т.б. ғалымдардың есімдерін атап өтуге болады.

Кейс – стади амал-тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі. Кейс амал-тәсілінде басты назар студенттердің ұсынылған реалды немесе қиялдық (алдын-ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі. Шәкірттің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Кейс стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде студенттер үшін өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, тәжірибелік дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студент жағдайға талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақты қызығып оқуға тырысады[1]

Кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар студенттерді қызықтыруға, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Кейс технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы мұнда студент – өздігінен ізденетін, алдарында тұрған мәселені шешетін субъект. Мұғалім сабақта тек бағыт - бағдар беруші қызметін атқарады. Нақты мақсаттарға бағытталған және жақсы ұйымдастырылған белсенді сабақтарда студенттер материалды толық меңгереді, олар материалды түсінеді, шынайы өмірде қолдана алады және өз бетімен әрі қарай оқуды жалғастыра алады. Кейс стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, са-

бақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Кейс тәсілінде басты назар студенттердің ұсынылған шынайы немесе қиялдық жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой – пікірін нақты әрі толық түрде айтып беруі және олардың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Сонымен қатар студенттердің бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруға, әр түрлі мәселелерді талдауға және оларды шеше білу қабілетін дамытуға, сондай –ақ алған ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуге үлкен көңіл бөлінеді. С.Д.Смирновтың пікіріне сүйенетін болсақ «в кейсе (буквально – частный случай, конкретное дело) описывается конкретная ситуация, которая могла иметь место или реально происходила. Рассматриваются факты, решения, принятые в течение определенного времени, которые описываются не как абсолютно исчерпывающие, а скорее как система ориентиров. Недостающую информацию участники обсуждения и принятия решения могут домысливать и строить на основе этого прогноза» [2]

Кейс – бірегей ақпараттық кешен, ережеге сәйкес ол үш бөліктен тұрады:

- Кейсті талдауда қолдануға болатын қосымша ақпараттар;
- Нақты жағдаяттар сипаттамасы
- Кейске арналған тапсырмалар.

Кейстердің көптүрлілігіне қарамастан барлығының да типтік құрылымы төмендегідей болады:

-Жағдайлар – кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден алынған оқиға;

-Жағдайдың толық сипаты – хронологиялық жағдай, тарихи жағдай, жағдай барысында орындалған іс – әрекеттердің немесе жағдайға қатысушылардың ерекшеліктері;

-Автор ұсынған жағдайға түсініктеме беру;

-Кейспен жұмыс істеуге арналған сұрақтар мен тапсырмалар;

-Қосымшалар.

Ал көлемі бір беттен басталып бірнеше бетке дейін құрала береді, олар баспа түрінде болады және мультимедиялық материалдар мен видеоматериалдарды да қамти алады [3].

Кейс әдісі – талдау әдістерін қамтитын жалпы білімнің технологиялық ұғымы. Бұл әдіс студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын оятып, оны терең меңгеруге, білім алу барысында алған ақпараттарын өңдеп, талдауға ынталандырады.

Оларды құрудың негізгі сатылары төменде көрсетілгендей белгіленген:

- Білім жүйесіндегі кейстің алатын орнын, мақсатын анықтау;
- Тақырып моделін құру немесе таңдау;
- Әр түрлі жағдайларға критерийлерді тағайындау;
- Қажет ақпарат көздерін белгілеу;
- Қосымша ақпаратты жинау барысындағы орындалатын іс – әрекеттер жоспарын құру;
- Сараптама жасау, оны қолдану барысында әдістемелік материалдар дайындау. [4]

Кейс әдісін қолданудағы оқытушының негізгі мақсаты – студенттерді бір топта жұмыс істеуге, тез арада шешім қабылдай білуге үйрету, олардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру, әр түрлі мәселелерді талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту және ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету болып табылады, оның іс – әрекеті екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңге жағдай таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс, жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу, мақсат пен міндеттерді анықтау, жағдайды құрастыру және суреттеу жатады. Ал екінші кезеңді оқытушының аудиториядағы іс – әрекеті құрайды. Аудиториядағы кейс әдісін қолдану кезеңі мынадай түрде өткізіледі:

- кейске кіріспе;
- жағдайдың талдануы
- пікірталас
- қорытынды шығару [4].

Кейс әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде студенттер үшін де өте қолайлы әдіс

болып табылады. Бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, тәжірибелік дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар, өз ойларын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады.

Кейстермен жұмыс жасау технологиясында кейс материалдарын зерттеушілердің атқаратын жеке өзіндік жұмыстары, негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты топтармен жұмыс жасау және олардың белсенділіктері өте маңызды роль атқарады.

Кейс әдісі арқылы келесі дағдыларды дамытуға болады:

1. Аналитикалық дағдылар. Бұл дағдыларға деректерді мәліметтерден айыра білу шеберлігі, ақпараттардың маңызды және маңызды емес екенін, оларды дұрыс талдай білу, оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі, нақты және логикалық ойлау қабілеті және т.б. жатады. Бұл дағдыларды меңгеру ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайлармен салыстырғанда мәселе күрделілігінің төмен деңгейі теорияларда, онда қолданылатын әдістер мен принциптерде тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Кейс әдісінің өзін ғана қолдану арқылы мәселені шешу мүмкін емес, сондықтан альтернативті шешу жолдардың шығармашылық дағдылары өте қолайлы.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен атап өтетініміз: дискуссияны жүргізу шеберлігі, пікірталас кезінде өзінің айтқан ойына, пікіріне қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалдарды, құралдарды және басқа медиа заттарды қолдану, топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, қарсыластарының көзін жеткізу, қысқа да нақты есеп дайындау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Осы дағдылар арқылы адамдардың өзін – өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама – қарсы көзқарас білдіріп, оны дәлелдеу, өзін – өзі ұстау және т.б. дағдылар

жатады. Олар кейсте талқылау барысында қалыптасады.

6. Өзіндік саралау дағдысы. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді, соның нәтижесінде өзіндік саралау дағдысы қалыптасады.

Кейс әдісі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің өсуіне, оның икемділігіне, жасампаздық іс әрекетіне қол жеткізетін әдіс екені белгілі. Сондықтан тұлға құзіреттілігін дамыту - ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіру, оның оқыту

жүйесін заман талабына сай үйлестіре алуында. Соған қарай ұстаздардың алдында тұрған міндет; табысты және әрекетке дайын қабілетті, өзіндік білім алуға, қоғамдық өмірде өзін - өзін жан-жақты таныту үшін өз білімін пайдалана алатындай жастарды тәрбиелеу.

Қорыта келе, соңғы кездері қолданып жүрген кейс әдісінің маңызды ерекшелігі оның оқыту әдістемесінде қолданылатын басқа әдістермен тиімді үйлесуі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологиялардың тиімді түрлері»
2. Еремін А.С. Кейс – метод // Инновации в образовании.-2010.-№2
3. Әбдірәсілов Л.Ә.. Оқыту үрдісінде оқу кейсін пайдалану тиімділігі //Білім саласындағы жаңа ақпараттық технологиялар. X. ғылыми-әдіст. конф.мат. – Астана, 2009.
4. А.Әлімов Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану.



«Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихының куәгері, деректі көзі»

С. Аманжолов

ӘОЖ 37.37.02

Ш.С Бағитжанова.

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының аға оқытушысы

СӨЙЛЕУДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІН КОММУНИКАТИВТІК БАҒЫТТА ОҚЫТУ

Мақалада сөйлеу мәдениетінің көпаспектілі, көпқырлы тұстарын сабақ барысында қолдану жолдары көрсетілген. Сөздік қордың лексикалық аспектілерінің ерекшелігі қарым-қатынас құралында анық байқалатындығы жайында нақты мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: сөз, сөйлем, лексика, қарым-қатынас, білім.

Статья рассматривает важность обучения говорению как одну из форм развития коммуникативной деятельности на уроке. Особенность обучения говорению и ее лексическим аспектом заключается в продуктивности высказывания говорящего с собеседником.

Ключевые слова: слова, фразы, словарный запас, отношения, образования.

The article deals with the teaching speaking as one of the aspects of teaching oral speech. Teaching speaking means communicative approach and it needs speaking habits and skills to express his thoughts to reach the aim for better understanding

Keywords: words, phrases, vocabulary, communication and education.

Сөйлеу – көп аспектілі және күрделі құбылыс. Біріншіден, адам өміріндегі қарым-қатынас функциясын атқарады. Екіншіден, сөйлеу – қызмет, іс-әрекет, анығырақ, адам атқаратын қызмет түрінің бірі. Үшіншіден, сөйлеу әрекетінің нәтижесі – сөйлем. Іс-әрекет ретінде де, өнім ретінде де сөйлеудің белгілері бар, олар сөйлеуге үйретуде бағыт береді, сонымен қатар, сөйлеуге үйретуді дамыту үшін қандай шарттар жасалу керектігін анықтауға көмектеседі.

Қарым-қатынас ауызша және жазбаша түрде болады. Бірінші жағдайда, ауызша қарым-қатынас жасау үшін адам сөз әрекетінің екі түрі – сөйлеу және тыңдап түсінуді меңгеру керек. Екінші жағдайда, яғни жазбаша қарым-қатынас жасау үшін адам жазу және тыңдап түсінуді меңгеру керек. Сөйтіп, сөйлеу сөз әрекетінің түрі ретінде қарым-қатынас жасаудың бір құралы болып табылады. Қарым-қатынас негізінде сөйлеу арқылы адамның ойы жеткізіледі. Сондықтан, сөз әрекетінің бір түрі ретінде сөйлеуге үйрету қажет. Сөз әрекетінің түрлері – сөйлеу, жазу, тыңдап түсіну, оқу – қарым-қатынас құралы болады. Сондықтан,

мақсатқа жету үшін оның белгілі тәсілі болу керек. Қарым-қатынас ретінде сөйлеуге үйрету тәсілі – коммуникативті тәсіл болып табылады. Қарым-қатынас жасауға үйретпей, сөйлеуге үйрету мүмкін емес, сондықтан, сабақта қарым-қатынас жасау шарттарын жасау керек. Сөйлеуге үйрету процесс кезінде нені өзгерту керек, не жетіспейтінін білу үшін мұғалімнің жалпы қарым-қатынас туралы түсінігі болу керек, «қарым-қатынас», «сөйлеу» және «үйрету» араларындағы байланысты түсіну керек.

Біз не туралы сөйлесеміз (жазамыз, оқимыз)? «Қызық сұрақ! – деп таң қалады, студент. – Не болса, сол туралы!» Бірақ бұл солай ма? Міне, мәтін: «Бұл аудитория. Бұл біздің топ. Біздің аудитория үлкен және жарық. Бұл жерде төрт терезе бар. Аудиторияда он екі парта және бір стол бар». Сіз мынадай мәтінді ана тіліңізде оқып көрдіңіз бе? Мүмкін емес. Ал шет тілінде – кез келген оқулықты ашыңыз. Сіз кітапты нұсқап, «бұл кітап па?» - деп сұрайсыз ба? Ал шетел тілі сабақтарында бұл әдетке айналған. Егер де сіздің көршіңіз өзіңіз жаңа ғана бірге оқыған мәтінді, мақаланы қайтадан

әңгімелеп жатса, сіз тыңдайсыз ба? Ал шетел тілі сабақтарында сіз оқылған мәтіннің мазмұнын қайтадан тыңдауға мәжбүрсіз. Бұл келтірілген мысалдар бұның алдында қойылған сұрақтың текке қойылмағандығын білдіреді. Өкінішке орай, шетел тілі сабақтарында қарым-қатынас (ауызша және жазбаша) мына тақырыптар төңірегінде өтеді: «Жанұя», «Почта», «Кино», «Мамандық» және т.б., сонымен қатар, ситуациялар: «Кассада», «Вокзалда», «Асханада», т.б. Ал шын қарым-қатынас жасағанда біз өзімізді толғандыратын проблемалар мен сұрақтарды талдаймыз: «Нағыз дос қандай болу керек?», «Ересектер ылғи да дұрыс айта ма?», «Сәнді әлем әдемі», «Классикалық музыка кімге керек?», «Жақсы адам қандай болады?», «Қалаймын ба әлде қажет пе?» және т.б.

Қарым-қатынастың екі түрі бар: вербальды және вербальды емес. Қарым-қатынастың вербальды түріне сөз әрекетінің түрлері жатады:

- продуктивті сөз әрекетінің түрлері: сөйлеу және жазу;
- рецептивті сөз әрекетінің түрлері: тыңдап түсіну және оқу.

Кейде сөйлеу мен жазуды активті, ал тыңдап түсіну мен оқуды пассивті іс-әрекет түріне жатқызады. Бұл ойлар ескірген. Пассивті іс-әрекет жоқ, болуы да мүмкін емес. Іс-әрекет адамның ішкі және сыртқы активтілігі. Пассивтілік – бұл ештеңе істемеу. Атап айтылған сөз әрекетінің түрлерінен басқа кейбір көмекші сөз әрекетінің түрлерін атап айтуға болады – дауыстап оқу, таспаға жазу, аудару және т.б. (Э.П.Шубин). Бұлар екінші кезекте екені түсінікті: сөйлеу мен тыңдап түсінуді меңгермей ауызша аудару жасау мүмкін емес.

Вербальды емес қарым-қатынас құралдарына мыналар жатады:

- паралингвистикалық (интонация, пауза, дикция, темп, ритмика, тон);
 - экстралингвистикалық (күлкі, жылау, әр-түрлі айқайлар, есікті қаққандағы дыбыс және т.б.);
 - мимика;
 - дене қозғалысы, қашықтық және т.б.
- Ғалымдардың ойынша, егер де біз вер-

бальды емес қарым-қатынас құралдарын ескермесек, онда «коммуникативті» процесс толық болмайды. Олар:

- сөйлесу кезінде маңызды сөздерді білдіреді;
 - кейбір сөздер мен сөйлемдердің орнын толықтырады және т.б.
- Бұның барлығы мұғалімге не үшін қажет? Вербальды емес қарым-қатынас құралын қолдану арқылы мұғалім:
- жағымды қарым-қатынас, контакт қалыптастырады;
 - оқушылардың активті жұмыс істеуіне әсерін тигізеді;
 - тілдік материалды есте сақтауға септігін тигізеді;

Мұғалім сабақ жоспарын жасау кезінде вербальды емес әрекетін де есепке алу керек.

Сөйлеу – бұл іс-әрекеттің бір түрі, сондықтан, оның белгілері бар, бірақ сөйлеу сөз әрекетінің түрі, оның өзіне тән белгілері бар.

1. Мотивация – түрткі, себеп. Әдетте адам белгілі-бір себеп болғандықтан сөйлейді. Себеп қарым-қатынаспен тығыз байланысты. Сондықтан шетел тіліне оқыту әдістемесінде коммуникативті себеп, түрткі туралы сөз болады. Себеп, түрткі қажеттіліктен туындайды: - қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік; - белгілі-бір ситуацияға «қатысуға» деген қажеттілік. Бұл екі түр, яғни коммуникативті мотивацияның екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бірінші түрін, жалпы коммуникативті мотивация; екінші түрін, ситуативті мотивация деп атауға болады. Ситуативті мотивация оқушының қарым-қатынас жасауға қажеттілігін туғызады.

2. Активтілік. Сөйлеу – активті құбылыс. Бұл құбылыс арқылы адам көрінеді (ішкі активтілік). Бұл жерде мәселе тыңдап түсіндіруде емес, сонымен қатар, оның реакциясында. Активтілік қарым-қатынас кезінде қойылған мақсатқа жету үшін үнмен әсер етеді.

3. Мақсаттылық. Сөйлеу мақсатқа негізделген. Мақсатсыз айтылған сөйлемдер сөйлеу болып табылмайды, бұл тек қана дыбыстап айту. Сөйлеуші өзінің ойын жеткізу арқылы бір мақсатты көздейді: көрінісінің

(собеседник) көзін жеткізу немесе керісінше, оны ашуландыру немесе әсер ету, оның ойын қолдау немесе күлу және т.б. Мұндай мақсаттарды коммуникативті тапсырма деп атайды. Әр коммуникативті тапсырманың ортақ мақсаты болады. Бұл мақсат – бір адам екінші адамға, оның көзқарасын өзгерту

үшін әсер етеді. Сөйлеу прагматикалық болу керек. Мақсаттылық – сөйлеуге үйретуде коммуникативті тапсырманың болуын талап етеді

4. Продуктивтік. Сөйлеу продуктивті, бұл процесс кезінде жаңа өнімнің пайда болуымен анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пассов Е.Н. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991. – 223 стр.
2. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам. – 2-е изд. – М.: Просвещение, 2003. – 239 стр.
3. Әбдіғалиев С. Неміс тілін оқытудың негіздері. – Алматы: Қазақ Университеті, 1992. – 136 б.
4. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – Москва, 2000

ӘОЖ.37.37.01.

А.Б. Ауезбекова

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы
Юбилейное ауылы, Подгорное орта мектебі*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН МӘНГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЕН ТОЛЫҚТЫРУ БАҒДАРЫ

Ғылыми мақалада білім бағдарламасына қазақ тілі мен әдебиеті бойынша, мәңгілік ел құндылықтары арқылы толықтырудың жолдары келтірілген. Үштілділік саясат негізінде қазақ тілі мен әдебиетінің маңызын арттыра отырып, мемлекеттік тілге деген қызығушылықты ояту жолдары нақты мысалдармен дәйектелген. Қазақ тілі мен әдебиеттің ұлттық құндылықтармен толықтыра отырып, оқушылардың өз еліне деген сүйіспеншілігін арттырудың бағдары ғылыми сараланған.

Түйін сөздер: *мәңгілік ел, үштілділік білім саясаты, қазақ тілі, оқу бағдарламалары, ұлттық құндылықтар*

В научной статье рассмотрены внедрения ценностей «Мәңгілік Ел» путем изучения казахского языка и литературы. Представлены примеры по развитию интереса к казахскому языку на фоне «Трёхязычный» политики страны. Пополняя ценности путем казахского языка и литературы развивать патриотизм у школьников.

Ключевые слова: *мангилик ел, трехязычье, казахский язык, образовательные программы, национальные ценности*

This scientific articles in the Kazakh language and literature program, complemented by the eternal values of the country roads. Trilingual policy based on the increasing importance of the Kazakh language and literature, examples of specific ways to arouse interest in the state language proved. Kazakh language and literature, national values, contributing to improve the students' love for their country weighted scientific orientation.

Keywords: eternal tri-education policy of the country, the Kazakh language, educational programs, national values

Мәңгілік ел идеясы – халықтың әлем сахнасында өзіндік келбетімен қалдыруға бағытталған, ел ертеңіне нық сеніммен аяқ басуға бағытталған идея. Мәңгілік сөзінің мағынасы тереңде, құдіреті тым берік. Қазақ халқы сөздің құдіретіне ерекше мән беретін, шешендікті жанына серік еткен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне еліте білген, сөзге тоқтай білген халық болғандықтан, еліміздің мәңгі тарих сахнасында өзіндік қолтаңбасымен жасайтындығын дәлелдейтін идеяның халыққа қадам басуы көңілді қуантады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде мәңгілік ел құндылықтарының оқу бағдарламаларымен толықтыру қажеттігі туралы терең ойланатын мәселе туралы оқырманмен ой бөлісуді жөн көрдім.

Елбасымыз 2014-жылғы халыққа жолдауында: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тіл болады» [1], – деген еді. Ана тілімізді – мәңгілік тіл ету өз қолымызда. Яғни, алдына қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құмар, рухы биік ел ғана «мәңгілік ел» болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса, Елбасы салған сара жолдан таймай, елдігіміз бен туған тілімізді мәңгілік ету үшін ғылыми білім беруде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде ойға ой қосуды қалыптастырудың маңызы ерекше. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиетімізді мәңгілік ел құндылықтарымен толықтыру жағына нені негізге алуымыз қажет.

«Қазақтың аса бай ауыз әдебиеті қарапайым халықтың арманы мен тілегін, мақсаты мен мүддесін білдіріп, ізгілік және

эстетикалық тәрбие беруде, жеке тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Эпостарды алып қарасаңыз, онда бейнеленген бағалы педагогикалық идеялар оқушыларларға моральдық-этикалық тәрбие беруге және олардың эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға игі ықпалын тигізумен қатар, оларға қазақ тілінің байлығын оның шексіз эстетикалық мүмкіндіктерін тайға таңба басқандай етіп көрсетіп отырады. Халық эпостарын, мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен аңыз-әңгімелерді оқушы бойына сіңіріп, ой санасы мен мінез-құлқына қалыптастыру үшін көптеген жұмыстар жүргізу қажет. Мұндай жұмыстар жастардың көңіл-күй әсері мен ынтасын арттырып, оларды елін, жерін сүйе білетін, патриоттық сезімі артқан ұрпақ тәрбиелеуде маңызы зор. Халық педагогикасының түрлері арқылы ұрпақтың, халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге баулимыз. Оларда суреттелген адамның әр түрлі көңіл-күйлері, жан сыры, күйініш-сүйініштері эстетикалық сезімін оятып, ұлттық рухта тәлім алған сапалы тәрбиенің ұшқынын оятады. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Осы тұрғыда өзімізге жиі таныс оқу орындарындағы сабақ арасында берілетін қоңыраудың да үнін ұлттық сипатқа ауыстыру жағын қарастыруға болады. Ұлттық сипатқа қазақтың адам жанын тебіренер күйлеріне алмастыруға болады. Мысал ретінде алар болсақ, Құрманғазының «Алатау», «Сарыарқа», Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл», «Әсем қоңыр», Н. Тілендиевтің «Аққу сазы» күйлерінің

және т.б. адам жанын рухани дем беретін тұстарын әр қоңырау арасына алмастырып қойып отырғанымыз дұрыс болар еді. Бұл білім алушыны ұлттық өнерді таныстырып жақындатумен қатар, рухани жанына жайлылық әкелері сөзсіз. Әрине, бүгінгі таңда ата-бабамыздан қалған би өнерінің бір түрі «Қара жорға» білім ордаларында қолға алынып келеді. Бұл қуантарлық жайт. Бұл өз ұлтымызға, ұлттық мәдениетке рухани сеп берсе, ал, басқа ұлт өкілдеріне тұрып жатқан туған жерінің рухани мәдениетіне етене енуіне үлкен әсер ететін мәселе»[2] - делінген ғалым Сейсенбаева Ж.А. оқу құралында. Бүгінгі оқулықтарда ұлттық құндылықтардың бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, сол оқулықтарда мәтіндер болсын, ақын-жазушылар өмірі болсын, қысқа ғана қайырумен немесе сағаттың аз бөлінуімен оқушыларға толықтай мәлімет беріп, қызығушылығын арттыруға жетіспей тұратын себептер кездесіп жатады. С.Көбеев 1954 жылы жарық көрген «Орындалған арман» атты еңбегінде: «Сабақты баланың табиғи ана тілінде түсіндіру, жас өспірімнің ақыл-ой дүниесіне, сезім-қиялына күшті әсер етеді. Оқушыны ана тілінде жазылған әңгіме, өлеңдер арқылы оқыту халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани өмірмен, әдет-ғұрыпымен, арман-мүддесімен таныстырып, патриоттық сезімін оятады. Сондықтан ауылдық, болыстық мектептерде дәрісті қазақ тілінде жүргізу керек» [3], - деп, баланың ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауатын ашу қажеттігін ғылыми тұрғыда айтып өткен болатын. Бірақ, бүгінгі күн талабында үштілділік, соның ішінде ағылшын тілін жетік меңгеру үшін, басатуыш сыныптарында да оқытыла бастады. Елбасы Н.Назарбаев: “Біз үштілділікті енгізуді жеделдетудеміз. Бұл біздің ойлап шығарғанымыз не біздің қалауымызбен емес, бұл – қажеттілік. Қазірдің өзінде 20% қазақстандықтар ағылшын тілін меңгеріп отыр, яғни үш тілді білу – бұл жаһанданған өмірге жолдама, бұл – адам өмірінің сәттілік қағидасы. Осы жаһанданған әлемде біздің балаларымыз ғаламшар азаматтары болады – олар

барлық жерде және кез келген жұмысты атқара алулары керек және де олар осынау қилы заманда суда жүзген балықтай болулары керек” деп, ағылшын тілін білудің халық пайдасына қажеттігін нақты түсіндіріп берген болатын. Ендеше, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне ағылшын тілі басатуыштан бастап енгендіктен, ана тіліне деген жана-шырлықпен, шынайы сүйіспеншілікпен білім беруге, тіл жанашыры ретінде, ел азаматтарын тәрбиелеуге бұрынғыдан да ерекше көңіл бөлулері қажет. Әдебиетті оқып, оған деген қызығушылықты арттырмай, оқушының тіл байлығы да, сөздік қоры да дамымайтыны анық. Сол үшін, осы мәселелер, мәңгілік ел құндылықтарын оқу бағдарламаларына ендіру бағдарында қаперге алынса деп ойлаймын.

Мағжан Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі-бәрі көрініп тұр», [4]- деп, қазақтың болмысын көрсететін ана тіліміздің қасиетін шебер суреттеген еді.

Бай да шешендікпен көмкерілген қазақ тілінің дамымай отырған себебі де, қазақ тілін оқытудағы кемшіл тұстарға байланысты. Қазақ тілін оқытқанда тек, тілді үйретуге ғана емес, бай тіліміздің мәнді де маңыздылығына ерекше көңіл бөліп, ұлттық құндылықтар басты негізге алынуы қажет. Осы туралы білім және ғылым министрінің Егемен қазақстанға шыққан мақаласында «Сондықтан қазақ тілін жедел меңгерудің әдістемесін жасауымыз керек. Осы мақсатқа ғылымды дамыту бағдарламасының маңызды бөлімі ретінде тиісті қаржы бөлу көзделіп отыр. Бұл – өте көкейкесті мәселе. Ол мектептерде қазақ тілін оқытудың маңызын тек оған бөлінген сағаттармен ғана өлшеп қоймады, берілетін білімнің сапасы, нәтижесі арқылы бағалауға жол ашады. Сондықтан қазақ тілі пәнінің тәжірибелі ұстаздарын шетелдерге жіберіп, ондағы тілді

үйретудің тиімді әдістемелерімен танысып, жақсы көрсеткіштерін өзімізге әкеліп, баянды ету жағы да көзделуде. Осындай нақты қадамдардың арқасында тек қазақтарға ғана емес, еліміздегі басқа ұлт өкілдеріне де қазақ тілін жан-жақты жетілдірілген әдістеме арқылы оқыту жүйесі ұсынылады» [5]- деген, нақты идеясы көңілге өте қонымды. Жаңа әдістемеде ұлттық құндылықтар назардан тыс қала қоймас.

Бүгінгі білім беру бағдары үштілділік саясатының даму жолына қызмет ете отырып, ұлт тілінің даму бағытына өзіндік жаңа бағытпен іске асуына бүгінгі тіл ғалымдары жаңаша көзқараспен кіріседі деген сенімдеміз. Ол жаңа келбет, білім беру бағдарыны мен қатар, оқу кезеңінде киетін киім үлгілерінде көрініс тапқаны абзал. Жаңа мектеп формаларының бір бұрышына оюланған өрнек қосылса, ол бүгінде сәнге айналған оюланған киім үлгісінің бір нышаны ретінде көрініс бере отырып, қазақи мәдениеттіліктің бір белгісі ретінде оқушының сана-сезіміне өз елінің құндылығын қоюландыра түседі. Ұлттық құндылықтар мәңгілік ел идеясына негіз болатындықтан, тек білім үрдісінде

емес, киім үлгісінде де көрініп тұрса деген ой келеді.

Тілдің өзіндік ойлау жүйесінің өзін-ақ баланың сана-сезімін ұлттық ұғымға бейімдейді. «Қазақ тілі.өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын құдіретті тіл» деген екен, қазақтың даңқты перзенті Бауыржан Момышұлы. Бір сөзбен айтқанда, «ұлт - тіл - тәрбие» бір-бірімен аса тығыз байланыстағы, бірінен-бірі ажырамас үштаған. Ұлт болу үшін тіл, тілін таза меңгеруі үшін тәрбие керек. Атам қазақ «Тәрбие – тал бесіктен», «Баланы жастан» деп бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұлттық салт-сана мен әдет-ғұрыпты бала бойына жас кезінен сіңіруді қолға алған. Ендеше, ұлтымыз тілін дәріштеп ұрпағымызға тәрбиелік негізде оқыта білсек, тәрбиелі жастардың өсіп-өркендері хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол
2. Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы.Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ-2011 ж. – 158 бет
3. С.Көбеев «Орындалған арман» 1954 ж. 125 б.
4. М. Жұмабаев «Педагогика» Алматы. 1992
5. Е. Сағадиев «Елдік істің ұйытқысы – береке-бірлік» Егемен Қазақстан. 16,03,2016 ж.

УДК 37.371.371.2

А.М. Ордабаева

*Учитель русского языка и литературы
Школа-гимназия № 39 г. Тараз*

ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОБЛЕМНОМ ОБУЧЕНИИ

Ғылыми мақалада оқушылардың интеллектуалды тұлғасын дамыту бағдарындағы мәселелік оқытудың ерекшелігі мен қиындылығына тоқталады. Мәселелік оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту екендігін мысалдармен сараланған.

Түйін сөздер: Мәселелік оқыту, интеллектуалды тұлға, оқушы, шығармашылық ізденіс, кәсіби білім.

Проблемно-развивающее обучение - это современный уровень развития дидактики и педагогической практики. Оно является эффективным средством общего развития учащихся.

Проблемный подход к обучению играет важную роль для развития творческих черт характера и познавательной активности учащихся; для мотивации обучения и повышения готовности к учению; для выработки способности оперировать полученными знаниями и для ведения делового спора; для развития коммуникативных способностей учащихся и их способности к совместной деятельности.

Ключевые слова: *проблемы обучения, интеллектуальный человек, студент, творческого и профессионального образования.*

Scientific article, the identity of the students' intellectual development route stops with the difficult and problematic feature of the teaching. The main objective of the technology training issues for the student self-taught Weighted examples are the development of their cognitive and creative skills.

Keywords: training issues, intellectual person, student, creative and professional education.

Одним из основных факторов интеллектуальной сферы школьников является проблемное обучения. Проблемное обучение - организация учебных занятий, которая предполагает создание под руководством преподавателя проблемных ситуаций и активную самостоятельную деятельность учащихся по их разрешению, в результате чего и происходит творческое овладение профессиональными знаниями, навыками и умениями и развитие мыслительных способностей.

Проблемно-развивающее обучение - это современный уровень развития дидактики и педагогической практики. Оно является эффективным средством общего развития учащихся. «Проблемным» оно называется не потому, что весь учебный материал учащиеся усваивают только путем самостоятель-

ного решения проблем и «открытия» новых понятий. Здесь есть и объяснение учителя, и репродуктивная деятельность учащихся, и постановка задач, и выполнение упражнений. Но организация учебного процесса базируется на принципе проблемности, а систематическое решение учебных проблем - характерный признак этого типа обучения. Поскольку вся система методов при этом направлена на общее развитие школьника, его индивидуальных способностей, проблемное обучение является подлинно развивающим обучением [1].

Проблемное обучение включает в себе следующие принципы:

- логику построения учебного процесса и учебно-познавательной деятельности учащихся;

- методы организации и управление ею;
- усвоение учителем содержание изучаемого материала;
- контроль учителя за процессом и результатом деятельности учащихся;

Основные условия для успешного применения проблемного обучения следующие:

- проблемные ситуации должны отвечать целям формирования системы знаний;
- быть доступным для учащихся и соответствовать их познавательным способностям;
- должны вызывать собственную познавательную деятельность и активность;

Что же представляет собой сущность проблемного обучения? Процесс обучения состоит в том, что в условиях проблемного обучения – задания должны быть для самостоятельного анализа проблемы и нахождения неизвестного. А это в свою очередь приводит к интеллектуальному развитию учащихся.

Потому что, интеллектуальное развитие – важная сторона подготовки подрастающих поколений. Доказано, что интеллектуальное развитие – непрерывный процесс, совершающийся в учении, труде, играх, жизненных ситуациях, и что оно наиболее интенсивно происходит в ходе активного усвоения и творческого применения знаний, т.е. в актах, которые содержат особенно ценные операции для развития интеллекта.

Можно выделить типичные черты развитого интеллекта, знание которых важно для понимания процесса интеллектуального воспитания.

Развитой интеллект отличается системностью, обеспечивающей внутренние связи между задачей и средствами, необходимыми для наиболее рационального ее решения, что приводит к последовательности действий и поисков.

В связи изложенным выше встает вопрос о содержательных критериях (признаках, показателях) умственного развития. Перечень таких самых общих критериев дает

Н.Д.Левитов. По его мнению, умственное развитие характеризуется следующими показателями:

- 1) самостоятельностью мышления,
- 1) быстротой и прочностью усвоения учебного материала,
- 2) быстротой умственной ориентировки (находчивости) при решении нестандартных задач,
- 3) глубоким проникновением в сущность изучаемых явлений (умением отличить существенное от несущественного),
- 4) критичностью ума, отсутствием склонности к предвзятым, необоснованным суждениям.

Для Д.Б.Эльконина основным критерием умственного развития является наличие правильно организованной структуры учебной деятельности (сформированная учебная деятельность) с её компонентами - постановкой задачи, выбором средств, самоконтролем и самопроверкой, а также правильное соотношение предметных и символических планов в учебной деятельности.

Н.А. Менчинская рассматривает в этой связи такие особенности мыслительной деятельности, как:

- 1) быстроту (или, соответственно, замедленность) усвоения;
- 5) гибкость мыслительного процесса (т.е. лёгкость или, соответственно, трудность перестройки работы, приспособления к изменяющимся условиям задач);
- 6) тесную связь (или, соответственно, разрозненность) наглядных и отвлечённых компонентов мышления;
- 7) различный уровень аналитико-синтетической деятельности.

Согласно вышеуказанным критериям умственного развития школа должна прийти к основным методам проблемного обучения.

Существуют различные варианты постановки и решения проблемы на уроках:

1. Проблему решает педагог

Педагог ставит проблему или проблемы, и сам их решает, излагая лекционный материал. При такой форме проведения заня-

тия учащиеся внешне пассивны, но внутри каждого из них могут интенсивно протекать процессы понимания, принятия и запоминания.

Этот подход может использоваться при обучении учащихся речетворчеству. Педагог ставит задачу сочинить сказку (рассказ, историю и тому подобное) и сочиняет ее в данный момент урока. Учащиеся на примере учителя учатся речетворчеству. Педагог ставит задачу сочинить сказку (рассказ, историю и так далее) и сочиняет её в данный момент урока. Учащиеся на примере учителя учатся этому процессу.

2. Лекция-беседа

Педагог ставит перед учащимися проблемы и предлагает решать их совместно. Задавая новые вопросы, уточняя и дополняя ответы (но не критикуя неудачные), педагог структурирует, систематизирует высказывания и подводит к общим выводам по отдельным разделам лекции. Он является как бы ведущим беседы, и классическое представление о лекторе здесь исчезает.

Проведение проблемной лекции-беседы требует от педагога глубоких знаний обсуждаемой темы. Он должен уметь ставить вопросы ясно и понятно, быстро ориентироваться в высказываниях учащихся, развивать их и направлять дополнительными уточняющими вопросами на решение проблемы [2].

3. «Мозговой штурм»

Большинством голосов учащиеся выбирают девять представителей группы. Они располагаются за первыми столами. Это участники «штурма». Педагог знакомит учащихся с проблемой. Представителям группы раздают карточки, на которых они в течение пяти минут пишут свое мнение. Затем карточки передаются друг другу, и все знакомятся с мнениями других. После этого в течение трех минут участники «мозгового штурма» заполняют новые карточки. Лучше поставить в углу карточки фамилию, чтобы педагог мог сравнить изменение мнений [3].

4. Метод «КЕЙС-СТАДИ»

В основе метода конкретных ситуаций лежит имитационное моделирование: ис-

пользованию этого метода в обучении предшествует разработка конкретного примера или использование готовых материалов с описанием реальной ситуации. Это может быть констатация каких-либо событий, описание какого-то конфликта или проблемы, эмоционально-поведенческих аспектов взаимодействия — моделируется соответствующий содержанию обучения процесс в реальных условиях. Ключевые вопросы преподавателя при анализе ситуации: «Что вы сделали?», «Какие аспекты действия вы считаете правильными?», «Что можно было сделать лучше?», «Как вы можете решить эту проблему?». Эти вопросы способствуют выработке у учащегося способности по-новому смотреть на мир: на конкретную работу, организацию, собственную деятельность и взгляды. Оно ориентировано на будущее, направлено на переоценку своей деятельности, выработку новых подходов: «Что мы могли бы сделать?», «В чем состоит проблема?», «Каковы возможные пути подхода к проблеме?», «Что может произойти и к чему может привести, если...?»

Проблемное обучение состоит из проблемного преподавания и проблемного учения. Проблемное преподавание основано на проектировании учебной деятельности, системы познавательных ситуаций, а также психолого-педагогическом управлении их разрешением со стороны учащихся. Проблемное учение может быть рассмотрено как полная структура учебной деятельности по усвоению знаний и способов действий, в которой представлен анализ задачи-ситуации с позиции информационного состава, целей и условий для решения, заканчивающийся формулировкой проблемы, выдвижением гипотезы и ее обоснованием, «принятием решения и рабочей программы действий, исполнительской деятельностью и анализом полученных результатов. Характерным для проблемной ситуации Ю.Н. Кулюткин считает: объективно возникающее рассогласование (противоречие) между целью, отвечающей некоторой актуально действующей практической потребности, и средствами ее

достижения; возникновение собственно познавательного отношения к ситуации; появление у субъекта ориентировочной реакции, возникновение потребности понять ситуацию, формирование позиции субъекта.

Таким образом, субъективная позиция учащегося, находящегося перед проблемной ситуацией, складывается из двух условий, которые, несомненно, играют принципиальную роль в принятии решения:

1) субъективного понимания целей, отношения к объекту изучения;

2) видения неопределенности, существующей в явном или в скрытом виде, в ситуации имеющегося разрыва между тем, что известно, и тем, что неизвестно [4]. Только при этих условиях возможны действия, направленные на устранение противоречия, решение проблемы. Следовательно, проблемная ситуация должна быть объективизирована субъектом.

Согласно этой логике любая проблемная ситуация рассматривается с позиции субъекта. Это касается как учителя, так и ученика. Психологическая природа восприятия проблемной ситуации для них равнозначна. Различие состоит в содержательной стороне и в мере неопределенности. Для учащегося проблемная ситуация имеет учебную функцию. Уровень неопределенности, включенной в нее, составляющий дидактический смысл, который сознательно заложен преподавателем, ограничен и в известной мере определен, рассчитан на возможности учащегося, поэтому ее оценка учеником видима и предсказуема. Для ученика проблемная ситуация воспринимается как естественно возникающая в процессе обучения.

Основные аспекты реализации проблемного обучения в качестве педагогической технологии на уроках, можно сделать следующие выводы:

1. Проблемное обучение – это обучение, при котором педагог ставит перед учениками проблему и организует процесс её решения.

2. Проблемное обучение является одним из наиболее эффективных средств активизации мышления учащихся.

3. Проблемная ситуация и учебная проблема являются основными понятиями проблемного обучения.

4. Учебная проблема – это форма реализации принципа проблемности в обучении.

5. Решение учебной проблемы есть результат активного мыслительного процесса.

6. Проблемными являются первые уроки любой темы.

7. Проблемное обучение доступно практически всем учащимся.

Конечная цель учителя — формирование интеллектуальной личности. Средством является учебная деятельность, содержанием — информация о человеке, о природе, веществе, ноосфере. Ее структура и состав детерминируют учебную деятельность, в процессе чего складывается система поведения ученика, развиваются его познавательные действия, активность, мотивация, формируются цели и ценности. Проблемная ситуация является дидактическим условием для выдвижения и формулировки учебной проблемы и составляет результат определенного этапа профессиональной деятельности педагога по структурированию учебного материала. Педагогическое моделирование учебной проблемы в процессе обучения связано с целым рядом предварительных действий.

Современные исследования, проведенные в области педагогики, убеждают в необходимости и возможности применения методов проблемного обучения в целях обеспечения общего развития учащихся, формирования теоретического стиля мышления, опирающегося на конкретное. Посредством познания учащимися специальных структур содержания учебного материала, отображающих детерминизм изучаемых явлений, событий, фактов, можно показать их взаимосвязь и взаимообусловленность [5].

ӘОЖ 37.37.03.37.031

Н.Ж.Құдайбергенов

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс докторанты

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Бұл мақалада Алаш арыстарының білім беру саласындағы ұстанымдары жайлы сөз болады. Қазіргі білім беру жүйесіне ұлттық тұрғыдан көз салып, соған сай бірнеше ұсыныстар жасалады. Өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін білім беру саласына оң өзгерістер енгізу қажет. Әсіресе, құндылықтар жүйесін қалыптастыруда білім беру жүйесінің орны орасан зор.

Түйін сөздер: *білім беру жүйесі, ұлттық құндылықтар, ұстаз мәртебесі, оқулық*

В этой статье будут рассмотрены взгляды деятелей Алаш на сферу образования. Будет сделан анализ с национальной точки зрения на современную систему образования и согласно этому, будут раскрыты несколько предложений. Для вхождения в число развитых стран мира необходимо внести положительные инновации в сферу образования. Особенно значима роль системы образования в формировании системы ценностей.

Ключевые слова: *система образование, национальные ценности, статус педагога, учебник*

This article will consider the views of Alash figures on education. Analysis will be made from a national perspective on the modern education system, and according to this, several proposals will be opened. For entry into the ranks of developed countries need to make a positive innovation in education. Particularly significant is the role of education in shaping values.

Keywords: *education system, national values, teacher status, textbook*

Ұлт ұпайын түгендеудің түрлі тәсілдері бар десек, оның төте де тиімді жолы – білім беру саласының сапасын күшейту. Дамудың даңғылына бастайтын бірегей жол болса, оның аты – білім жүйесі. Адамзат тарихының қатпарлы парақтарынан ойымызға тұздық, сөзімізге дәйек боларлық ондаған, тіпті жүздеген мысалдар келтіруге болады. Білімді тағдырының Темірқазығы етпеген елдердің ғұмыры қамшы сабындай қысқа болған.

Шығыстың әйгілі ойшылы Ғазали былай дейді: «Адам күш-қуатымен абыройға кенелмейді. Өйтпесе адамға карағанда түйе әлдеқайда абыройлы болуы керек еді. Өйткені, түйе күштірек қой. Денесінің үлкендігінен де емес. Себебі, пілдер адамнан әлдеқайда үлкен емес пе?! Абырой-атақ дегеніңіз батылдыққа да байлаулы емес. Адам ормандағы жыртқыш аңдардан асқан

батыл бола алмайды. Көп жей алам деп мақтануға да жол жоқ. Себебі, өгіздерден асып түсу мүмкін емес біз үшін. Қысқасы, бұлардың ешбірі адамды асқақтатып, мерейін өсірмейді. Абыройға кенелтетін бірақ нәрсе бар. Ол – ғылым-білім!». Осыны алаштықтар жете түсініп қана қоймады, терең түйсінді де. Айбынды Алаш елінің абыройы асқақтап, әлемдік аренада еңсесінің тік тұруы үшін олар ағартушылық жолды таңдады. Осы жолда жүріп олар қазаққа ұран да салды, маса боп та ызындады. Мақсат – ояту. Міндет – ойланту. «Айқап» журналының бас редакторы Мұхаметжан Сералин былай деп жазды: «Біздің ілгері келешек күнімізде бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол – оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек, өнерлі халыққа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды.

Біз жұртшылық болып оқушы талапкерлерге жәрдем бермесек, оқығандарымыз көбейе алмайды». Елі үшін еңіреген, еміренген ерлеріміз ұшпаққа шығар ұлы жолдың бастау-негізі оқу-білімде жатқанын тайға таңба басқандай анық көрсетіп берді. «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа», «Абай», «Шолпан» т.б. сынды үнжарияларда аталған идеяның тармақтары мен тетіктерін таратып түсіндірді. Жапония сынды өркениетті елдердің даму моделі жөнінде арнайы мақалалар жарияланды. Озық елдердің тілін игеріп, олардың дамуына түрткі болған факторларды ғылыми тұрғыда сараптай білді. Көптеген зерттеулер тіпті алаштықтардың көбінің 6-7 тілді еркін меңгергенін растайды. Бұл «Жеті түрлі білім біл, жеті елдің тілін біл» деген қазақы қағиданың жүзеге асқанын көрсетеді. Жиырманың о жақ-бұ жағындағы өрімдей жігіттердің бір-бір пәннің оқулығын жазуы тарихта көп кездеспейтін жайт. Бұл – қазақтың қайта жаңғыру дәуіріне тән құбылыс. Ұмтылыстар аз болған жоқ. Түптеп келгенде, ұмтылыстар мен құлшыныстардың бәрі дерлік ағартушылық, оқу, білім дейтін құндылықтардың күшеюі жолында түйісті, тоғысты. Замана бәйгесінде оқ бойы оза шауып шығу үшін басқа жолды таңдау да мүмкін емес-тін.

Арада бір ғасырдай уақыт өтті. Біз қазір нарықтық игіліктерге оң көзбен қарағанмен, ұлттық құндылықтарға келгенде қабағы қатаңдау бола қалатын постиндустриалды қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Әрине, толыққанды орнығып үлгермегенімен, талаптілегі күн сайын өмір салтымызға дендеп енуде. Жаһандану үдерісінің қазақ даласын айналып өтпейтініне де талай рет көз жеткізіп үлгердік. Адам, қоғам, мемлекет үнемі өзгеріске ұшырап, ұдайы жаңғырып отыратынын ғылым дәлелдеген. Сондықтан, біз қазіргі әлемдік үдерістерді жан-жақты таразылай отырып, өзімізге тән жолды таңдап алуға тиіспіз. Жаңғыру болмаған жерде даму да жоқ. Әр дәуір өзінің тілек-қалаулары мен шарт-талаптарын қоса әкелетіні белгілі. Тарих беттерінен біржолата жойылып кеткен халықтардың бәрі дерлік аталмыш алтын қағиданы қаперде ұстамағандықтан

трагедияға тап болды. Қазақстан – көлемі жағынан әлемде алғашқы ондыққа енгенімен, әлі де балаң. Кішкентаймыз. «Кішкентай халыққа үлкен қару керек». Қазіргінің күшқуаты (қаруы) рухи тәрбиенің тұғырына тұрғызылған ғылым-білім бәйгесінде озық болумен өлшенеді. Сол ғана ұлтты үлкен қып таныта алады. Өйткені, жер аумағы бірнеше сотықты ғана алып отырған әлемдік корпорациялардың көптеген ірі-ірі мемлекеттерден бай екенін білеміз. Бір ғана «Apple» компаниясының қаржысы біздің (және көршілеріміздің) бюджеттік қорындағы байлығынан әлдеқайда көп екені жасырын емес. Яғни, мұның бәрі білім бәйгесінде оза шапқандық. Мұның бәрі білім саласындағы жаңғырулардың жемісі. Қазақ Елінің де өзіндік брендтерін қалыптастыру үшін, ғылыми жаңалықтарды ашып, әлемдік сахнада өз бейнеміздің жарық та жарқын болуы үшін біз білім беру жүйесін қайта жаңғыртқанымыз жөн. Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілді. Білім беру бағдарламалары дайындалып, Заң қайта қабылданды. Мұндай процестің жүріп жатқаны, әрине, көңілге қуаныш сыйлайды. Дегенмен, біз ескере бермейтін кейбір түйткілдердің бар екенін айтпай кетуге болмайды. Қазір біз еуропалық үлгілерге сүйене отырып білім беру саласына біршама жаңалықтар енгіздік. Еуропа төрінде өте сәтті болатын жобаның Қазақ Елінде сол деңгейде орындалмауының сыры неде? Жауап айқын. Құндылықтар жүйесі бөлектеу. Алаш арысы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов өзінің «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақаласында аса маңызды дүниеге тоқталады. Ойлы Әуезов табиғаттың адам физиологиясы мен психологиясына әсер ететінін дәйекті пікірлермен дәлелдеп береді. Бірге оқиық. «Адам баласына сыртқы өмірдің ыңғайы (кәсіп), отырған жерінің табиғат жағдайы (ыстық, суық, салқын, тау, дала) дене бітіміне һәр түрлі әсер береді. ...Суықтағы аяз бен қар ұйытқыған боран, күңгірт күн, түнерген аспан, уайымды ақ дала өзгермейтін бір сурет адамға салбыраған салқын пішін, қайрат-

ты, көндімбай, жалыққан ауыр мінез береді. Жарық күн, көрікті аспан, кең қоныс, еркін тамақ, еңбексіз өмір, жеңіл, қызу мінез береді. Бұл – адамды табиғат ыңғайы билейтіндігі» [1]. Адамның ішкен тамағы мен киген киімін айтпағанда, оның тұрғылықты географиялық аймағы мен ауа райының адам психикасына ерекше әсер ететінін ғылым да растайды. Сондықтан, білім беру жүйесіндегі жаңалықтың бәрін еуропалық мәдениетке ұқсай бермейтін өзіндік ұлттық даралығымыз (идентичность) бен территориялық ерекшелігімізді ескере отырып енгізуге тиіспіз. Тағы да ұлы жазушымыздың өндірдей жас кезінде жазған мақаласына оралайық. Ол өзінің «Япония» деп аталатын мақаласында Еуропаның даму моделінен көп дүниені үйреніп, аз уақыттың ішінде дамудың даңғыл жолына түскен Жапонияның тәжірибесін сараптайды, саралайды. М.Әуезов: «Япония Европа нені істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында Джиснзу Нарусе деген бір профессордың айтқан сөзі бар: «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсымыз ұмытылмасын», - деген», - дейді [2]. Алаш арыстары бұл қағиданы тек сөзімен ғана емес, ісімен де көрсетті. Өйткені, ұлт алдындағы ұлы борыштың салмағын жан-жүрегімен сезінген саңлақтарымыз сөзден істің дауысы қаттырақ шығатынын қаперден есте шығарған емес. Орыстың озық ғылымына арқа сүйегенмен, оқулықтары мен хрестоматияларын қазақ баласына ұғынықты һәм жеңіл тілмен жазды. Ауыл баласының санасына сіңімді, көңіліне қонымды етіп құрастырды. Мағжанның «Педагогикасы» мен Жүсіпбектің «Біздің ауылын», Қаныштың «Есеп құралы» мен Ахметтің «Тіл – құралын» - бәр-бәрін қарасаңыз да, осы пікірдің шындыққа жанасатынын көресіз. Біз әлемдік тәжірибенің қыр-сырын үйреніп қана қоймай, оның бәрін тарихи-мәдени һәм қазіргі әлеуметтік-психологиялық контексте зерделеуге қашанда дайын болуымыз керек. Ол үшін еліміздің интеллектуалдық

потенциалын танытатын көрнекті ғалымдарымызды баулиық. Тарихшылар мен әдебиетшілерден, психологтер мен саясаттанушылардан, әлеуметтанушылар мен педагогтерден құралған арнайы Кеңес сырттан алынатын кез келген тәжірибенің жілігін шағып, ғылыми сараптамадан өткізіп берсін. Бұл – бір. Екіншіден, білім беру жүйесі арқылы Алаш құндылықтарын жас ұрпақтың жүрегінің төріне орнықтыруға күш салайық. Не үшін біздің балалар бастық болуға құштар? Неге түріктің баласы әскер болуды армандап, кәрістің баласы ғалым болуды қиялдайды? Бүлдіршіндеріміздің арман-қиялдарына қарап-ақ қазіргі қазақстандық құндылықтар жүйесінің қаншалықты өзгеріп кеткенін байқауға болатындай. Өйткені, балалардың тәрбиелеп отырған – сіз бен біз. Қоғам! Қазіргі құндылықтар мен алаштықтар кезеңіндегі құндылықтар жүйесін салыстыруға да келмейді. Жақында мынадай бір зерттеу жарияланды. «Нұр Отан» партиясының жанындағы Саяси зерттеулер институты қазақстандықтардың құндылықтар жүйесі жайлы арнайы зерттеу жасады [3]. Келтірілген деректерге сүйенсек, бүгінде отаншылдық, патриоттық сезім азаматтарымыздың тек 13 пайызы үшін ғана маңызды екен. Бұл нені көрсетеді? Алаш арыстары үшін ең басты құндылыққа айналған Отаншылдық сезімінің бүгінде күрт төмендеп кеткенін көрсетіп отыр. Сондықтан, біз білім беру жүйесін пайдалана отырып, алаштық құндылықтарды ұрпақ санасына қазірден сіңірсек, ертең сан соғып қалу қаупі бар. Алаш құндылықтары – жалпыадамдық құндылықтармен ұштасатын бірегей құндылықтар. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлы алаштық құндылықтарды былайша анықтайды: «Кез келген сауаты бар адам тарихты бүгіннің шындығымен байыптап түсінеді. Сондықтан, мың сөзді бірер ұғымға сыйдырып бергенді қалап тұрады. Міне, осы тұста «Алаш құндылықтары» деген ұғым аузымызға түседі. Оны жүйелесек, былайша айқындалады:

1. Ұлт тарихындағы сапалы, жарқын, мемлекетшіл істердің жиынтығы;

2. Ұлт пен қоғамды, мемлекет пен елдікті дамытқан жеке және дара тұлғалардың еңбегі мен мұрасы;

3. Тарихқа және қоғамның қазіргі жағдайына принципті көзқарас ұстану;

4. Елшілдікке суарылған білімді, ғылымды, мәдениетті қоғам мен оны үйлестіретін саясаттың тетігіне, құралына айналындыру [4].

Жапония, Малайзия, Сингапур сынды азиялық мемлекеттер аз уақыттың ішінде әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылса, ең алдымен, білім беру жүйесін реформалау арқылы қол жеткізді. Ал ол өз кезегінде өзгенің озық тәжірибесінен үйрену мен ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіру жолымен жүзеге асты. Жоғарыда сөз етілген алаштық құндылықтарды қалыптастыру үшін біз мектептердегі оқулықтарды дұрыс жазуды қолға алуға тиіспіз. Академик Колмогоровтың сөзі бар. «Бір сапалы оқулық жазып шығу – ең озық реактивті ұшақ құрастырып шығудан әлдеқайда қиын», - деген. Алайда, біз осыны көбіне ескере бермейтін сияқтымыз. Неге? Біз нені қаперде ұстауымыз керек? Соны тізбектейік:

1. Оқулық жазуға тек педагог мамандарды ғана тартып қана қоймай, сол пәндердің дамуын қамтамасыз ететін ғылыми кадрларды да тартуымыз керек. Қазір бізде оқулықты тек педагогтар жазады. Ғылым өз алдына бөлек сүрлеу-соқпақпен келе жатыр. Біз белгілі бір пәнді оқушыға нақты әрі толыққанды үйретуіміз үшін ғылыми қызметкерлер мен мұғалімдерді қоса жұмылдыруымыз керек. Ең басты шарт – білікті һәм кәсіби мамандар болсын. Ол мамандарды Білім және ғылым министрлігі арнайы тағайындаса, құба-құп болар еді.

2. Оқулықты арзан атақ пен бір сәттік материалдық игілік үшін құрбан етуге болмайды. Оқулық – ұлтты қалыптастыратын орасан зор идеологиялық құрал. Сондықтан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге тапсырып, руханиятты тендерге ұқсас «бәйгелерге» тапсырып қоюға жарамас. Оны тек республиканың құзыретті органдарының тағайындауымен белгілі бір тұлғалар ғана айналысуы керек деп ойлаймыз. Мысалы, Тұрар

Рысқұлов өзі билік басында отырған кезде осы бір асыл міндетті көшедегі көрінгенге емес, коммунистік идеяларға қарсы күрескен азаматтар болса да, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ағартушыларға сеніп тапсырды. Осының нәтижесінде ұлыларымыз Ташкент қаласына шоғырланып, Ахмет «Тіл – құралды», Мағжан «Педагогиканы», Жүсіпбек «Психологияны» т.б. классикалық мұрамыз боп табылатын көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын жазып шықты.

3. Халел Досмұхамедұлы: «Білім әдебиетінің негізі - ғылым атауларын дұрыстап тағу», - деп айтқан [5]. Ғылым терминдерін оқушы ең бірінші мектеп қабырғасын оқып жүрген кезінен меңгере бастайды. Іргетас дұрыс қаланса – қуаныш. Біз оқулықтардағы пән сөздерін (алаш арыстары «терминді» осылай атаған) дұрыс көрсетіп қана қоймай, оларды барынша ұлт ұлылары анықтап берген нұсқаларымен енгізуге тырысуымыз керек. Мысалы, бір ғана Ахмет Байтұрсынұлының өзі мыңнан астам пән сөзін жасап берді. Оның біразы бүгінгі филология ғылымдарында қолданылып та келеді. Дегенмен, біз басқа да алаштықтар жасаған терминдерді қазақ тіліндегі оқулықтарға сарқа пайдалануға асыққанымыз жөн.

4. Бүгінде ұлттық даралықты (бірегейлікті) қалыптастыру мәселесі аса маңызды болып отыр. Қазақстан халқын қазақтық даралықтың төңірегіне топтастыру жайын Елбасымыз да сан мәрте мәлімдеді. Қазақстан Халқы Ассамблеясы да бұған мүдделі. Біз осы мақсатқа жету үшін оқулықтардағы қарапайым ғана көрінетін мысалдардың өзін идеологияландыруымыз керек. Мысалы, математика пәнінің оқулығындағы есепке «Нұрбол Алматыдан Астанаға қарай жолға шықты. Ол сағатына 100 шақырым жылдамдықпен жүріп, он екі сағатта жетіп барды. Сонда екі ірі қаламыздың арасы қанша шақырым болады?» деген секілді мысалдар келтірейік. Қазақы есімдер аталсын. Қазақы жоралғылар негізінде де мысалдар келтіре беруге болады. Қалаларымыз жайлы да там-тұмдап болса да ақпарат ала берсін. Ең басты тапсырма – есеп шығарту. Ол да орындалып жатыр емес пе? Яғни,

біз қазір бір оқпен бірнеше қоян атуға міндеттіміз. Осы тәсілді кез келген пәннің оқулығын жазуда қолдануға болады деп есептеймін. Оқулықтардағы қарапайым ғана мысалдардың өзі біздің ұлттық даралықты қалыптастырып, құндылықтар жүйесін реттеуімізге орасан зор әсер ете алады. Бұл – алаштықтардан қалған дәстүр. «Психологияны» не «Біздің ауылды», «Тіл ұстарды» не «Әдебиеттантқышты» алып қараңыз, мысалдардың бәрі де қазақы танымның, жергілікті ерекшеліктердің негізінде жиналғанына көз жеткізесіз.

5. Қазіргі оқулықтарымыз практикадан гөрі теорияға басымдық береді. Ол оқушы санасына берік орнықпай жатады әдетте. Сондықтан, біз оқулықтарымызда практикалық тапсырмалардың санын көбейтейік. Білім жадында жатталып, көкірегіне тоқылсын. Мұхтар Әуезов былай дейді: «Адамшылықты таза жүргізу үшін көп ой керек. Ой ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін хақтықпен тәрбие қылу керек деп, школдарға һәр түрлі ғылымдар кіргізді. Олар: шежіре, әдебиет, жаратылыс ғылымы һәм заңы, өлшеу тағы басқалар. Бұл ғылымдарды жалғыз жаттап қана қоймай, алған білімін іске асыра білсін деп, мысалы Америкада әуел бастағаннан іспен араластырып оқытады. Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолымен жүрген жұрт бұл күнде өмірдің төрінде» [1]. Мұхтар Әуезовтің Жапония мен Еуропа білім беру жүйесін ғана емес, мұхиттың ар жағындағы АҚШ-тың тәжірибесін де зерделеп-зерттегені көрінеді. Біз қазір алаш арыстары ұсынған осы жайтты қаперде ұстауымыз керек. Білім беру – бір бөлек те, білімді санаға сіңіру – тағы бір бөлек дүние. Ал алынған білім тек практика жүзінде іске асқанда ғана санаға сіңіп, көкейге қонбақ. Үйретудің, классикалық педагогиканың алтын заңдарының бірін осыдан 25 ғасыр бұрын Конфуций жазып кеткен еді. Ол: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін!» - деген-ді.

6. Алаш арыстары армандаған «ар ілімі» оқытылсын. Әрбір пәннің астарын-

да сол пәнді терең игеруге бағытталған теориялық әрі практикалық тапсырмалар болуымен бірге, гуманизм де жатуы керек. Бүгін баланың жүрегіне егілген титімдей жақсылық ертең-ақ жемісін береді. Алашордалықтардың белді мүшесі Шәкәрім атамыз: Еңбекпенен, өрнекпенен

Өнер ойға тоқылса,

Қайнар өмір, жайнар көңіл,

Ар ілімі оқылса, - деп еді. Сондай-ақ, осы мәселені ту қып көтерген Сұлтанмахмұт өзінің «Социализм» атты мақаласында Еуропа елдерінің ғылымы қарыштап дамығанымен, әдеп-ибасыз боп тұрғанын тілге тиек етіп: «Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалар бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды», - деп түйеді. Бұл пікір бүгін де өзектілігін жойған жоқ әрі мәңгі өз маңыздылығынан айырылмайды!

Жоғарыда аталған факторларды есепке ала отырып, біз өзіміздің болашағамыздың кепілі болуға жарайтын оқулық жазуды қолға алайық. Сонда ғана біздің ұрпақ ұлы мақсаттар жолында аянбай қызмет ететін сегіз қырлы, бір сырлы интеллектуал ұрпақ боп шығады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы». Бұл – біздің мойнымыздағы борыш.

Мінсіз оқулық түйіннің бәрін шешуге қауқарсыз. Сондықтан біз ұрпақ тәрбиелеумен айналысатын ұстаздар қауымын биік деңгейге көтеріп, оларға деген көзқарас-пікірді де күрт өзгертуіміз керек. Өйткені, «адамның қандай болуы – ұстазынан» (Абай). Ертеңгі әрбір қазақстандықтың тұлғасының қандай болуы бүгінгі ұстазына байланысты. Алаштың белгілі журналдарының бірі болған «Шолпанда» «Оқытушы» псевдонимімен арнайы мақала жазылды. Онда былай делінеді: «Қай халықтың болсын, мәдениетін тудыруға, күшейтуге себеп болған мәдениет көсемдерінің еткен еңбегінің бағасын шамаласақ, алдымен, бәйге алатын еңбек – оқытушылардікі. Халыққа сана, саңылау тудыратын – оқытушылар. Оқытушылар – жалпы халықтың тәрбиешісі. Басшысыз, көсемсіз, қараңғы надан халық ешқайда бара алмақшы

емес. Халық арасына мәдениет ұрығын шашатын, кілең оқытушылар ғана. Сондықтан, қай мемлекет болсын, мәдениетке алғаш аяқ басқанда, бар күшін сарып қылып даярлайтын оқытушылар ғана болды. Алдымен, оқытушыларға мұңсыз болу шарасын қарастырады [6]. Әлемдегі ең беделді ғалымдарының қатарынан көрінген Қаныш Сәтбайұлы «Оқытушы деген кім?» деген мақаласында: «Ойды анықтап, тереңірек салып қарасақ, жалпы білім иелерінің арасында кім құрметті, қадірлі болуға жөні бар? Әрине, оқытушылар. Себебі, барлық жаратылысқа ие болып жүрген, келешекте жүретіндердің бәрі кімнің қолынан өткен һәм өтпек?! Жаратылыстың сом, домбал қалпынша берген адам атты жан иесін жақсы ұстаның дүкеннен істеліп шыққан нәзік, сүйкімді сұлу нәрселері сықылды түрлендіріп шығаратын жалғыз – оқытушы. Оқып жүрген жас баланы өзіндей түрленген адамдармен жаратылысқа ие болу жолына жарысқа қосатын – оқытушы. Сондықтан адам өз басын қадірлесе, алдымен оқытушыны қадірлеуге міндетті екендігі осыдан шығады», - деп ой қорытады [7].

Жоғарыда аталған жайттарды ескере отырып, біз бүгінгі ұстаздар қауымының әлеуметтік жағдайын түзеуге күш салуға тиіспіз. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл мәселені шешудің бір-ақ жолы бар. Ол – мұғалім табысын күрт өсіру. Сонда ұстаздар алаңсыз оқыту мен тәрбиені мүлтіксіз орындай алады. Қоғамдық пікір де көп өтпей өзгере бастайды да, жас буын болашақта ұстаз болуды армандайтын болады. Мұның өзі құндылықтар жүйесінің жақсы жаққа жедел бұрылуына түрткі болатыны күмәнсіз. Біздіңше, ХХІ ғасыр ұстазының тұлғасын танытатын арнайы бағдарлама (тұжырымдама) қабылдауымыз керек. Алаштықтар ұстаздың тұлғасын қалай елестетті? Сөзіміздің дәлелмен дәйектейік: «Жұрттың көзін ашып, балаларын оқытатын басшылары қандай боларға керек? Жұмсақ мінезді, таза тәнді, кең ойлы, терең пікірлі болу керек. Саясат, билік һәм сайлау жұмыстарынан, қысқасы: артынан сөз еретін, бетке шіркеу, арына ұят келтіретін зиянды

нәрселерден аулақ болып, ғылым жолында бойларын таза күтіп, ықтиярын кісіге, ешкімге тапсырмай, өз жолында қызметтен бас тартпай, өр болу керек» [1]. Әрине, мұндай тұжырымдаманы қабылдау үшін мемлекетіміздің өзі де ұстаздар қадірін арттыруға ынталы болғаны жөн. Сонда ғана қазіргі интеллектуалдық потенциалы өте жоғары жастарымыз банктер мен заң ғылымдарына ғана емес, педагогикалық салаларға да баратын еді деп ойлаймыз.

Толстой хәкім айтады. «Көз алдыңызға теңізде жүзіп бара жатқан кемені елестетіңіз. Кеме жүзіп бара жатқанда судың бетінде оған жол ашқан сызықтар пайда болады. Кемені тартып бара жатқан судағы жарылған сызықтар деп айтсақ қалай болатын еді? Су ағымын пайда қылған кеменің өзі екенін анық қой. Пайда болған ағымды алдына салып қуалаған да кеменің өзі. Олай болса, күш кеменің өзінде. Ағым – оның нәтижесі». Яғни мемлекеттің қаншалықты мықты болуы оның билігіне ғана емес, оның халқының сапасына тікелей тәуелді. Толстой айтатын кеме – халық та, ағым – билік. Халықты алға жылжитатын билік емес, оның өзі. Әрине, билік оның тетіктерін жасап беруге міндетті. Дегенмен, біз мемлекетіміздің білім беру саласына жұмсаған қаржысымен шектелмей, осы бір сауапты да жауапты іске халықтың ішіндегі ел ағалары мен қалталы азаматтарды да тартуымыз керек. Қазақтың Чехові ретінде мойындалған Бейімбет Майлин «Айқап» журналының 1913 жылғы 15-санында жариялаған мақаласында қыз ұзату, келін түсіру тойында, өлімге ас беріп, еске алуда қазақтың үлкен шығынға бататынын айыптап, оның орнына халықты пайдалы іске, оқу-ағарту жұмысын дұрыс жолға қоюға, мектеп-медресе салуға қаражат шығаруға шақырады [8]. Бұл ой әлі де өзекті біз үшін! Өкініштісі, біздің еліміздегі байлар мен кедейлер арасындағы айырмашылық тым алшақтап кеткен. Жағдайы өте жақсы топтар мен ең төменгі топтар арасындағы айырмашылық 1/20-дан асып кетеді. Еуропа елдерінде бұл 1/6-дан аспайды. Қазіргі ең үлкен әлеуметтік дерттеріміздің бірі – осы. Алаш арыстары оқу-


білімге ерекше ден қойып, жастардың дені озық біліммен қаруланды. Ол – ақиқат. Осындай игілікті жасаған – қазақтың байлары. Тұрар Рысқұловтың қазақ балаларын Германияға оқуға жібергені белгілі. Ол мемлекеттік саясат аясында жүзеге асты. Дегенмен, бұл дәстүр қазақ байларынан бергі қалыптасқан дәстүр-тұғын. Өйткені, қазақ байлары орыстың байындай емес, бір қауым елдің абыройын қорғап, елдігін сақтап отыратын қайырымды қалталылареді, негізінен. Біз еліміздегі ірі кәсіпкерлерді бала оқыту ісіне тартатын болсақ, білім беру жүйесінің жақсы жаққа өзгеруіне ықпал етіп қана қоймай, еліміздің барлық салаларындағы жаңарулар мен жаңғыруларға жол ашқан болар едік. Бұл – мәселенің қаржылық-әлеуметтік жағы ғана. Ал енді психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, бүгін ел ағасының (байдың) алақанының жылуын көріп, жақсылығын алған бала ертең оны он есе қып қайтаратыны ақиқат. Қолы аузына жетіп, толысқан кезде ол қазақтың ондаған баласын оқытпайды деп кім айта алады?! Өйткені, ол жылуға жылынып есейді. Айналып келгенде, мұның бәрі қоғамдағы қайта жаңғыру үдерісін тездететін құбылыстар болып табылады. Осыны Ахмет Байтұрсынұлы бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеп берген-тұғын. «Орысша оқушылар» мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазды: «Балам» деген жұрт болмаса, «Жұртым» дейтін бала қайдан шықсын. «Балам» деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін «Жұртым»

деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой». Біздіңше, жұртым деп танымай кететін ұл болмақ емес. Өйткені, психологияның заңдылықтары олай демейді. Экономикалық тұрғыдан алғанда да, бұл шығынға ұшыратпайтын шара. Өйткені, білім саласына салынған бүгінгі 100 теңге ертең-ақ 1000 не 100 мың боп оралады. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», - дейді ардақты Ахмет атамyz. Бірлік те, байлық та, білім де – бәрі де білім беру жүйесінің сапасын арттырумен келетін игіліктер. Тағы да Ахмет Байтұрсынұлына жүгінеміз. «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге», - дейді ұлт ұстазы. Біз осы үш жағын тең ұстауға күш салалық. Мұғалімнің жайын айттық. Оқу құралына қажетті талаптарды да келтірдік. Қаржы мәселесін тек мемлекет берген ақшаға қарап қалмай, елдік дәстүрді де іске қосып, жанашыр байларды да оқу ісіне жұмылдыра алсақ, біз барар жерімізге, мәре сызығына көздеген уақытымыздан бірнеше есе тез жетеміз! Өйткені, қарыштап даму мен білім беру саласының сапалы болуы тура пропорционал. Елбасымыз айтпақшы, «біз кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатындай ұлт болуды ойлауымыз керек!».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. . Әуезов М. Мәдениетке қай кәсіп жуық? / Алаш көсемсөзі. 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 бет.
2. Әуезов М. Япония. / Алаш көсемсөзі. / Алаш көсемсөзі. 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 бет.
3. Формирование ценностных ориентиров в казахстанском обществе. Астана, 2014. – 34 с.
4. Қамзабекұлы Д.. Алаш жолы – мәңгі елдің маңызды жолы. / ХХІ ғасырдағы Алаштың ақ жолы. Алматы: «Экономика», 2014. – 440 бет.
5. Досмұхамедов Х.. Қазақ-қырғыз білім комиссиясы жайынан қысқаша баяндама. / Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1-кітап.: Шолпан. – Алматы, «Өнер», 2010. – 352 бет.

6. «Оқытушы» псевдонимімен жазылған. Ташкендегі қазақ-қырғыз институты туралы. / Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2-кітап.: Шолпан. – Алматы, «Өнер», 2010. – 360 бет.
7. Сәтбайұлы Қ. Оқытушы деген кім? / Алаш көсемсөзі. 10 томдық. Таң. – Алматы, «Өнер», 2011. 6-кітап. – 316 бет.
8. Сақ Қ. / Алаш мұрасы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2014. – 288 бет.



Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім

Мұхтар Әуезов.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

ҚҰТТЫҚТАУ	6
Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А. Мәңгілік ел тұғыры – ұлттық тәрбие мен қазақ тілінің дамуы негізінде	7
Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ., Мейірханова М.А. Қазақ ағартушы-педагогтарының салауатты өмір салтын тәрбиелеу туралы ой-пікірлері	13
Қосанов Б.М. Жүсіп баласағұнның математикалық білім берудің қажеттілігі туралы ой-пікірлері	17
Тохметов А.Т., С. Шолтай. Трёхязычие в преподавании восточных языков	20
Қаражанова К.Ә. Ұлттық болмысымыз ұтысқа жеткізер	23
Құсайынова С.Қ. Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесінің зерттелу жайы	25
Абдрахманова Р.Б. Тілді үйретудегі кейс – стади әдісі және оның қолданылу жолдары	31
Багитжанова. Ш.С Сөйлеудің лексикалық аспектісін коммуникативтік бағытта оқыту	36
Ауезбекова А.Б. Қазақ тілі мен әдебиет оқу бағдарламаларын мәңгілік ел құндылықтарымен толықтыру бағдары	38
Ордабаева А.М. Основные факторы интеллектуального развития школьников в проблемном обучении	42
Құдайбергенов Н.Ж. Алаш арыстарының білім беру саласындағы ұстанымдары	46

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 2404 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді.

Индекс 74310

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақсыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 2404 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта».

Индекс 74310

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева

Беттеген/Верстка – Жанат Жанбаева

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8775 22 00 196,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 30.03.2016 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 7 б.т.

Таралымы 300. Тапсырыс №43